

П И О Н Е Р



ЯНВАРЬ

1953 ЖЫЛ
АЛМАТЫ

№ 1

ЖАҢА ЖЫЛ ЖЫРЫ

Мақтасындай Пахта Арпа
Жердің бетін жапты қар...
Болса да өзі ақсақал,
Қолдасып бізбен қаз-қатар,
Аяз ата мектепте
Би билеп, шалқын әндете,
Ғалстук тағып:
— Жасардым,
Дейді, — ішінде жастардың.
Түн жарым ауганша,
Ойнадық құмар қанғанша.
Қоштасарда бізбенен
Атамыз жылы сөзбенен:
— Аралап ғалай жер-жерді,
Сағынып келдім сендерді.
Көрсен де атаң көп елді,
Сендердей жақын көрмеді.
Ағылашын, АҚШ қаласы

Қайғылы қарты, баласы,
Көріп мен қанағ өмірді,
Жабырқаттым көңілді...
Жат жердің асып өрінен
Жеттім кеп совет жеріне,
Сендерді көріп шадыман,
Көңілім міне шалқыған...
Қытайды, чехты аралап,
Келемін тағы оралып,
ССРО-дан үлгі алып,
Онда бар өскен ер халық...

Ақ боранын бүрқатып,
Атамыз кетті жол тартып.
Біз қалдық шырқап өленді
— Атамыз тағы келеді!

Төлеужан Исмаилов






Қазақстан АҚЖО Орталық Комитетінің
пионерлер мен мектеп оқушыларына
арналған әдеби-көркем және
публицистикалық журналды.

ЯНВАРЬ

1953 жыл

Айына бір рет шығады.

Шығуына 15 жыл.



ПОДОЛЬСКИДЕГІ ҮЙ

В. Катаев.

Суретін салған В. Нестеров.

Машина тоқтай қалды. Біз машинадан түстікте, төмен күлдейлаған тас жолмен шатырында кішкене бөлмесі бар ағаш үйдің алдынан бір-ақ шықтық.

Боялған бөренелі қабырғаға, электр лампының сәулесі түсіп тұратын үй номерінің астына ақ мрамордан жасалған такта қағылыпты.

Біз кіші қақпадан өтіп, тап-таза жалғыз аяқ жолды жағалай самсап қалың бальзаминдер өскен үй жанындағы кішкене баққа кірдік.

Біз басқышқа көтерілдік. Қол ұстасқан балалар сандалдарын сықырлатпауға тырысып келе жатыр. Біз орыс пешін көрдік. Пештің сырт жағына сиса шымылдық құрылыпты. Оның ар жағында шағын ғана асхана бар: жай орын-

дықтар, фикустар, стол, оның жоғарғы жағында ілулі тұрған ақ қалқалы керосин шам — осының бәрін үлбіреген ақ пердеден өтіп, жазғы бактың көгі көріктендіріп тұр.

Бөлменің ортасында қолдарында клеенка сумкалары мен орамалдары бар бірнеше қыздар мен жас өспірім жігіттер тұрды. Бұлар — экскурсияға келген Москва студенттері еді. Оларға музейдің директоры түсінік беріп жүр.

— Бұл үй жергілікті мұғалима Кедрованікі болатын. Ол мұны Владимир Ильичтің шешесі Мария Александровна Ульяноваға жалға берген. Мария Александровна өзінің балалары — Мария Ильинична, Дмитрий Ильичпен бірге осында тұрған. 1900 жылы Шушенскідегі

айдаудан кейін Владимир Ильич келіп, шетелге кеткенше бірнеше апта осында, анасының қолында болған. Владимир Ильич жоғарыда, шатырдағы кішкене бөлмеде жатқан, жұмысты да сонда істеген.

— Гапу етіңіз, бұл заттардың бәрі осы үйдің өзінікі ме? — деп сұрады бағанадан бері қойын дәптеріне шарикті авторучкасымен бірдемені асығыс жазып жүрген, спорт киімді ұзын бойлы студент жуан даусын шолжыңдай созып.

— Шам мен ас стол осы үйдің өзінікі, — деп жауап берді директор.

Осы сәтте осынау қарапайым заттар ғажайып сырға бөленіп, мүлдем жапарып кеткен сыяқтанды. Бұл заттар әшейін жай ғана стол мен шам емес, бір кезде үй ішімен Владимир Ильич тамақтанған стол-ау. Мына шамға да оның өзі бірнеше рет жанаспады деймісің, оны айтасың, тіпті осы шамды ол өз қолымен жаққан да шығар. Бұл заттар ғажайып жылы көрінгені сондай, студенттер бірінен соң бірі аяғын еппен басып таянып, дастарқанның шетінен ұстап көріп, столды ептеп байқап, шамның жез сауытын қолдарымен сыйпай бастады. Олардың жүздеріне салмақты ой ұялап, шексіз сүйіспеншілік пен аса зор құрметтің белгісі білініп тұрды. Осы сезім сол мезетте-ақ біздің балаларға да ойыса қалды: олар бірінен соң бірі столдың тақтайын сыйпап, өкішесін көтеріп, шамды ұстап көрді. Қабырғада Лениннің жұртқа белгілі суретінің көшірмесі: Ленин балконда тұр; жас талдың кішкене жапырақтарының арасынан Пахра айдыны жарқырайды. Оның ар жағында орыстың шексіз кең даласы созылып жатыр; Ленин балконның таянышына сүйеніп, ілгері ұмтылған қалыпта, болашаққа көз жіберіп тұрғандай, өткір көзін алысқа қадап қарап қалыпты.

Бұдан кейін біз студенттермен бірге төменгі этаждағы қалған екі бөлмені аралап шықтық. Біреуінде Моцарттың қырынан отырған суреті салынған, тозығы жеткен көне пианино тұр, екінші бөлмеде Лениннің анасы — орыс революционерлерінің тұтас бір семьясын — Ульяновтерді тәрбиелеп шығарған, тамаша, қайырымды орыс әйелі Мария Александровна тұрған көрінеді. Сол революционерлердің бірі — ұлы Ленин еді.

Содан соң біз сырланбаған тік басқышпен

шатырдағы кішкене бөлмеге көтерілдік. Бөлменің төбесі ақ қағазбен желімделген, аласалығы сондай, тіпті менің төбем аз-ақ тимей тұрды.

Қабырғада Добролюбовтың, Чернышевскийдің, Пушкиннің кітаптары бар кішкене қара сөре. Балконға шығар есіктің алдында тіптен кішкентай жұпыны стол, оның үстінде көкшіл шыны абажур бар ойыншық тәрізді лампочка. Оның қатарында Белинскийдің екі томы жатыр. Арқалығында көне кішкене кілемі бар тербелме орындық. Дәл осы арада осы кішкентай бөлмеде Ленин тұрған, осы тербелме орындықта Ленин отырған...

Жаздың күні, июльдегі бақтың көкшіл сәулесі қағаз жапсырылған ақ қабырғаны көкшіл түске бояп, құлпыртып тұрды. Төменнен клавиші сарғылт тарта бастаған, медальонында Моцарттың бейнесі бар ескі пианиноның даусы естіледі.

Шушенск айдауы, халықшылардың идеялық талқандалуы кейін қалды. Шетел және негізгі, басты міндет — жаңа типті нағыз революцияшыл бұқарашыл партия құру міндеті алда тұр.

Жазғы күн сәулесін төге түседі, көкшіл сәулелер қабырғада жылжыйды. Ленин балконға шығады. Жас талдың кішкене жапырақтарының арасынан Пахра айдыны жарқырайды, оның ар жағында өзі сонша құмарта сүйген, соның бақыты үшін ескі дүниенің кара күштерімен кескілескен күреске түскен, туған жері шексіз созылып жатыр.

Балконның таянышына сүйеніп, бүкіл денесін ілгері ұмтылдыра ұстаған Владимир Ильич өткір көзімен болашаққа қарап, сол биіктен Октябрьдің дүниені жаңартқан, жан берген жалынын көріп тұрғандай. Өзінің ұшқынынан тұтанған бұл жалын Россия үстінде, бүкіл дүние үстінде лаулайды.

Біз машинаға отырдық. Біздің алдымызда тағы да Сталиндік магистральдің тас жолы шұбатылып көсіліп жатты. Алыста қыяда орманды алқаптың үстінен Москва университеті жаңа үйінің өзімізге таныс төбесі асқақ көрінеді. Ол сол уақыт тасаланып барып, көзге қайта шалынды, анықталып, үлкейе түсті. Сағымға шомылған Москва — көк жиектің тең жартысын жауып кетті. Сол көріністің үстінде биік үйлердің кескіні әр жерден көріне бастады.





В. И. Ленин 1887 жылы, гимназияны бітіргеннен кейін.
Волга пароходы үстінде.

Суретті салған *Н. Павлов*



ЕЛКА



Саид Баязитов.

Суретін салған Н. Лебедев.

Әңгіме.

Анасы балаларының үшеуіне де: акқұба жүзді он екі жасар Қазыбекке де, одап екі жас кіші, сары шаш Райханға да, бірінші класқа быйыл түскен, кішкентай Аманға да жаңа жыл елкасына арнап пионер үлгісімен көйлек тіккізіп берді. Қазыбек пен Аман көйлектерін қырын сындырмай бүктеп салғызып қойды да, ал, Райхан көйлегін ойнап жүріп жыртып алды. Онысын үйдегілердің ешқайсысына сездірмеді. Уақыт жетерлік, елкаға дейін бірдеме етермін деп ойлады ол.

Біраз күндер өтті, елка жақындады.

Елка пионер бөлмесіне орнатылды. Түрлі жалтырауық әдемі ойыншықтармен безендірілді. Елканың жоғарғы ұшына оттай жанып тұрған қып-қызыл бес жұлдыз қойылды. Оның үстіне ақ қанатты көгершіннің суреті қондырылды. Бұл елка көріп көз алғысыз, қарап тойғысыз тамаша болып шықты.

Балалар да жаңа жыл күні осы елканың айналасында би билеп, ән айту, түрлі өнерлерін көрсету үшін қызу әзірленіп жатты. Тек Райхан ғана, әлденеге көңілі толмаған жандай, елкаға селқос пішінде қарап, сырттап жүрді.

Жаңа жыл келді.

Сол күні таң ата жапалақтап қар жауды. Дала, көше, үй шатырлары ақ көрпесін қымтана түсті. Қардың жауғанын, алдымен, ерте ояңған Қазыбек көрді. Ол терезенің пердесін сырып, далаға қарады да:

— Жана жыл таны қандай әдемі! — деді.

— Қар тіпті аппақ болып кетіпті ғой, — деді оның жанына келген кішкентай Аман да.

Үйдегілердің бәрі ояңған еді. Анасы электр шамын жақты. Тек Райхан ғана кішкене көрпесін бастан-аяқ қымтана бүркеңіп, тұрмай жатты.

— Уақыт болды, тұрсаңшы, қалқам! — деді анасы мейрімін төге сөйлеп.

— Тұрғым келмейді, — деді Райхан.

— Елкадан қаласың ғой.

— Мен елкаға бармаймын!

— Неге бармайсың? — деді қызының бұл қылығына таңданған ана.

Райхан үндемеді.

— Ол кешеден бері осындай, ашуланшақ болып кетті, — деді Қазыбек анасына.

— Ол маған жекіріп тастады, — деді Аман да. Анасы олардың сөзін көңіл қоя тыңдады.

— Сен елкаға неге бармайсың? — деді сонсоң, қайтара сұрап.

— Мен өзім үйде елка жасаймын.

— Қалайша үйде елка жасайсың? Сен мектепке баруға тиістісің ғой...

— Мен... Мен..., — деп Райхан тоқталып тұрды да, — мен жаңа көйлегімді жыртып алдым, — деді.

— Қалай жыртыдың?

— Ойнап жүргенде, — деп Райхан жылап қоя берді.

— Оны маған кезінде неге айтпадың?

— Қор-рық-тым...

— Орынсыз іс болған. Бекер жасырғансың, — деді анасы.

* * *

Райхан елкаға бармай қалды.

— Көйлектерің бар еді ғой, біреуін кие сал, — деген Қазыбектің кеңесін де тыңдаған жоқ.

— Балаларға күлкі болсын дейсін ғой, — деп көнбеді.

Елкаға Қазыбек пен Аман екеуі ғана кетті.

Райхан жылы киімдерін киіп, далаға шықты. Отын сарайынан сексеуілдің майда шырпысы бір талын тауып, үйге әкеліп, елка орнатты.



Оның шырпыларына өзінің бар ойыншықтарын асты. Үнемі стол үстіндегі айнаға қонып отыратын қуыршақ тотысы да ең ұшынан орын алды. Қуыршақтан «Аяз ата» жасады. Майдалап макта шапты. Мұнысы жаңа жауған жапалақ қарды бейнелеу сыяқты бірдеме болатын. Сонымен әп-әдемі елка болып шықты. Елканың тек, мектептікіндей көк, жасыл, қызыл түсті жалтырауық шамдары ғана жоқ еді және ойыншығы аз болды.

Ол, бар даусымен, жаттап алған өлеңдерін айтты. Бір кезде өзі білетін өлең, тақпақтың бәрін айтып тауысты. Секіріп биледі, асыр салды. Бірақ, бұл өзі онша қызықты болып шықпады. Тіпті, ақыр аяғында, оны жалықтырып жіберді. Өлеңі жай ыңылға айналды. Билеуді қойып, жерге отырып алды. Іші пыса бастады. Ойына мектептегі елка түсті. Балалар елканы айнала өлең айтып, ойнап жүргендей болып елестеді. Сонсоң, көңілі босап... жылап жіберді.

Звенода, отрядта, дружинада.

Үлгіміз біздің—партия

Ұлы Отанымыздың кең байтақ жерін аралап көрші. Қайда барсаң да, ғажайып өзгерістерді көресің. Бұл өзгеріс күнде болып жатады. Қаптаған жаңа құрылыстар, жаңа арнамен аққан өзендер, тайгада орнаған әсем қалалар, шөл далаларды кесіп өткен каналдар, тауларды жарып өткен тас жолдар...

Совет халқы коммунизм құрып жатыр. Бұл істердің бәрі Коммунист партиясының басшылығымен, Сталин белгілеп берген ұлы жоспармен жүзеге асырылып отырғаны мәлім.

Коммунист — әрбір пионерге, әрбір оқушыға ең қасиетті үлгі. Өзінің ата-анасы күткен сенімге сай жақсы оқып, коммунистік жақсы қасиетті осы бастан бойға сіңіру, келешекте үлгілі азамат болу — әрбір оқушының борышы. Міне, сондықтан да Алматыдағы 12-мектептің алтыншы класының пионер қыздары отрядтар жыйынын осы қасиетті тақырыпқа арнап өткізуді ұйғарды. Ондағы мақсат партиямыздың өткен даңқты жолдары, оның тамаша адамдары туралы әңгімелесу еді.

Жыйынға пионерлер зор жауапкершілікпен, ұзақ әзірленді. Аға пионер вожатый Евдокия Дмитриевна Стеблякова кім қандай тақырыпқа сөйлеу керектігін алдын ала белгіледі.

— Біз ұлы Октябрь революциясы туралы айтамыз, — деп ұйғарды 6 «В» класының пионерлері.

Осы кезде ауыз үйден анасының:

— Бері жүріңдер, ол ішкі үйде, — деген даусы естілді.

Ішкі бөлмеге бір топ бала келіп кірді. Ортасында бірге оқыйтын Маша, Бористер де бар.

— Сен неге елкаға келмей қалдың? Ұят емес пе саған! — деді Маша жазғыра сөйлеп. — Апай сені іздетіп жатыр.

— Біз күтіп-күтіп, ақырында өзіміз келдік — деді Борис күліп.

— Мен өзім де елка жасап алдым. Көріп тұрсыңдар ғой.

Әп-әдемі болып шықты. Бірақ, жалғыз ойнау тіпті қызық болмайды екен, — деді Райхан шындықты мойындап.

— Сен кәзір бізбен жүр. Содан соң саған келіп, кешке дейін ойнайық, — деді Маша.

— Сен елкаңды бұзба, — деді Борис те.

— Әрине, енді бұзбаймын.

Осыған келісіп, олар мектептегі елкаға кетті.

— Ал, біз азамат соғысы жылдарын қамтыймыз, — десті 6 «А» класының пионерлері.

Қалған екі отрядқа сталиндік бесжылдықтар мен Ұлы Отан соғысы және бейбітшілік жолындағы күрес жайында әңгімелеу тапсырылды.

Жұмыс қыза түсті. Сабақтан қол бос уақыттарда пионерлер белгілеген тақырыпқа байланысты әндер, өлеңдер әзірлеуге кірісті. Бұл істе оларға класс жетекшілері нақты көмек көрсетті. Әр отряд басқа отрядтар жыйынға қалай дайындалып жатыр және не дайындап жатыр деген оймен үнемі байланысып отырды. Сөйтіп олар жыйынның қалайда көңілді, мазмұнды болып шығуы үшін күш жұмсады.

Жыйынға дайындық кездері — аса бір даңқты күндер болды. Москвада, Кремль сарайында партияның ХІХ-съезі өтіп жатты. Күрестерде шыңдалған партия басшылары, таңдаулы стахановшылар, үздік колхозшылар, атақты оқымыстылар тамаша өмірімізді бұрынғыдан да құлпырта түсудің қамын ойлап, съезд трибунасында пікір алысып жатты. Осы трибунадан кемеңгер Сталиннің тарихи сөзі барлық әлемге тарады.

Бұл тамаша хабарлар барлық совет адамдарын, барлық әлем еңбекшілерін қуандырды. Бұл күндері 12-мектеп пионерлері де съезге құлақ тұрумен болды. Олар сабаққа зер сала, үйге берген тапсырмаларды мұқият орындауға



жұмыла түсті, партия, Отан туралы өлеңдерді, әңгімелерді қайталап оқып, әндерге жаттықты. Өйткені еңбір жауапты жыйында олар өз өнерін көрсетуге тиісті ғой.

Міне, асыға күткен күн де жетті. Мектепке бірнеше құрметті қонақтар да келді. Олардың ішінде қарт мұғалімдер, қоғам ұйымдарының өкілдері, тағы басқалар бар еді.

Горн үні естілді. Келте қайырылып рапорттар беріліп жатыр. Жыйын салтанат түзеген. Содан соң залдың ортасында бес бұрышты жұлдыз түрінде пионер костері бейнеленіп, электр жарығы айналаны сәулелі нұрға бөледі.

Зал тым-тырыс, көп адам жыйналғандығы тіпті сезілмейді. Жұрттың бәрі В. Маяковскийдің жалынды шумақтарын тындап қалған:

«Ленин десек —
 Партия дегеніміз,
 Партия десек —
 Ленинді ұғамыз біз...»

Оқып тұрған Тая Буцко. Ол алғашқыда қатты абыржып қалса да, келе-келе жүрегі орныша түсіп, көзі жайнап, батылдануы алды. Оның көз алдынан сонау бір қаһарлы жылдардың оқығасы өтіп жатқандай. Ол күндерде Тая жоқ еді. Бірақ Октябрь революциясы шайқастарын ол кинодан, суретшілердің суретінен көрген, кітаптардан оқыған. Міне, бушлатты теңізшілер, былғары шолақ пальтолы жұмысшылар, сұр шинельді солдаттар қысқы Сарайдың кең басқыштарымен жүгіріп барады. Уақытша үкімет тақтап тайды. Халықтың қарулы көтерілісіне басшылық еткен — Ленин мен Сталин.

«Теңізге дейін теңізден
 Бүкіл өлке бойында
 Еңбекші ел баласы
 Винтовка алды қолына...»

Мұны айтып тұрған — 6 «В» класының пионерлерінің хоры. Бұған басқа бір ән жалғасты. Мұны 6 «А» класының пионерлері шырқады:

«Өкметі үшін Советтер
 Соғысқа іркілмей барамыз...»

Бұл класта оқыйтындар — қазақ қыздары. Пионер Сәуле Мұқитова Жамбылдың октябрь толғауын айтты. Пионерлер айтқан ән мен оқыған өлеңдерден мемлекетіміздің өткен жастық шағы елестейді. Қазақстан даласын біркез Чапаев пен Амангелдінің батыр жауынгерлері дүбірлетті. Сол бір ауыр жылдардағы шайқастарда орыстар, қазақтар, украиндар, грузиндер, еліміздің және басқа халықтары тізе қосып, өздерінің бостандығын қорғап қалды. Оларды жеңіске Ленин — Сталин партиясы бастады. Міне, жыйында орындалып жатқан шығармалардың негізгі түйіні осы.

Азамат соғысынан кейін де еліміз қиын кезенді, бірақ қуанышты, жарқын кезенді бастап кешірді. Бұл кезең де жырлар арқылы айқын сыйпатталып жатқанын көресің. Сол жырлардың түйінді өзегі сыяқты болып Отан туралы атақты жыр есілді. Мұны 6 «Г» класының пионерлері орындады.

«Кең-байтақ менің туған елім
 Орман-ну, өзен-су жағасы,
 Мен мұндай ешбір елді білмеймін
 Еркіндер адамзат баласы...»

Я, біздің еліміз кең-байтақ. Оның шалқар даласында сталиндік бесжылдықтар жылдарында тамаша істер жасалды. Әр күн сайын жас Совет өкметі өсіп нығайды, жаңадан көптеген заводтар, фабрикалар, электрстанциялар сапқа қосылды. Қазақстан даласына Түркия бітің болат жолы төселді.

— Шіркін, сол жылдарды біз көре алмадық қой,— деп сыбырлайды бір пионер қасындағы жолдасына.

— Оған өкінетін не бар. Сені мен біз одан тамашаны көреміз. Алда әлі талай тамаша істер жатқан жоқ па,— дейді досы оған.

— Аз уақыт тына қалған залды жаңадан тағы бір әсем ән кернеп әкетті. Бұл — алтын дән туралы, бейбіт еңбек бақыты туралы ән. Терең ойлы, ырақты әсем саз кілт тоқтай қалды. Оның орнына басқа ән — қаһарлы, қатал ән келді.

**Аттан, алып ел,
Аттан сұрапыл соғысқа.**

— Бір мың тоғыз жүз қырық бірінші жыл,— дейді пионер Қлава Колесникова. Оның ән аясында нәштеп айтқан бұл сөздері өте әсерлі естіледі.

Пионерлер біздің бейбіт жерімізге гитлершіл қарақшылар опасыздықпен шабуыл жасағанын, Ұлы Отан соғысы басталғанын әңгімелейді. Еліміздің батысындағы қалаларымыз бен селоларымыз өртке шалынды, әкелеріміз бен апаларымыз қолына қару алып, жауға қарсы күресті, аналарымыз бен апаларымыз тылда майдан мүддесі жолында жан аямай еңбек етті. Жау тылдарында партизандар ұрыс салды. Осы күрестің бәрін біздің партия басқарды, осы адамдардың бәрін партия тәрбиеледі. Күрестің алдыңғы сапында коммунистер жүрді.

— Зоя сыяқты, краснодондықтар сыяқты боламыз,— дейді пионерлер өздерінің әндерінде. Пионерлер партиямыздың жауынгер көмекшісі — комсомол тәрбиелеп өсірген батырларды, оның ішінде қазақстандық батырларды: Маншүкті, Әлияні еске түсіреді. Тыңдаушылардың көз алдына Отан үшін жан қыйған ерлердің бейнесі келеді.

Совет халқы қас жауды талқандап, жеңіске жетті. Европа халықтарын бұғаудан босатты. Өртенген қалалар қайта жаңғырды, жаңа құрылыстар жасыл орманға бөленді. Сүйікті Отанымыз бұрынғыдан да сұлуланып, бұрынғыдан да қуаттанып, дәулеті арта түсті. Совет Одағы дүниежүзінде бейбітшілік тірегіне айналды. Барлық жер шарының халықтары өмір сүруде, күресуде бізден үлгі алып отыр.

**«Біз, әр елдің жастары,
Бейбітшіл өмірді аңсаймыз.
Бұл қаһарлы жылдары
Бақытты күреспен аттаймыз...»**

«Әлемдегі демократияшыл жастар гимнін» 6-«Д» класының пионерлері бастады. Ал, залда

отырған барлық жұрт бұл әнге қосылып ала жөнелді.

Коммунизмге ұмтылған совет халқының қозғалысын тоқтатар ешбір қара күш жоқ!

Пионерлер, міне, осыны айтады.

Олар біздің шетелдегі достарымыз жайында, олардың қатары күн сайын көбейіп отырғаны жайында айтады, социалистік жаңа өмір орнатып жатқан ұлы қытай халқының, Чехословакия мен Польшаның, Болгария мен Венгрияның, Румыния мен Албанияның, Герман Демократиялық Республикасының халықтары туралы айтады. Бұл елдер өздерінің компартияларының басшылығымен жеңістен жеңіске жетуде.

Бұдан кейін пионерлер коммунизмнің алып құрылыстарын еске салады, ұлы өзендерімізде қызған ұлы еңбекті мадақтайды.

Жыйын екі сағатқа созылды. Залдағыларға бұл ілезде өтіп кеткен сыяқтанды. Тыңдағандар да, өнер көрсетуге қатысқандар да көңіл аударарлық көп жаңа нәрсені білді. Соның ішінде әсересе, пионерлердің көз алдынан әрбір оқушыға үлгі данқты партиямыздың данқты істері, коммунистердің ерлігі тағы да бір елестеп өтті. Жыйын берген ең басты жеміс, міне, осында еді.



Жыйын бітті. Аға пионер вожатый жыйынға қорытынды жасады. Ол отряд советтерінің председателдері — Тая Буцко мен Валя Усатованың еңбегін айрықша атап өтті. Жыйынға өз отрядтарын жақсы әзірлегені үшін оларға алғыс айтылды. Жалғыз бұл екеуі ғана емес, жыйынның жақсы өтуі жолында ұйымшылдық, іскерлік, табандылық көрсеткен көп пионерлердің есімі аталды.

— Пионерлер, Ленин — Сталин ісі жолындағы күреске дайын болыңдар!

— Әрқашанда әзірміз! — деген дауыстар кең залды тебрентіп жіберді.

А. Розанов

АПАҚ ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Қ. Мұқышев.

Суреттерін салған К. Баранов

Жас шахтер. Білесіз бе, кім тапқанын Қарағанды көмірін?
Қарт шахтер. Апақ дейтін қойшы тапты.
Жас шахтер. Онда, соның айтыңызшы өмірін.

I

Шоқайын жыртыса қараған,
Азап та көрген масадан.
Шекпенін қырық жамаған,
Қойшы екен байға осы адам.
Далада жүріп қой бағып,
Күннің бір ыстық жазында,
Алыпты бір зат ел тауып,
Оралсақ енді аңызға.
Суырдың қазған інінің,
Аузына шығып қалыпты.
Қап-қара тас па, әлде не...
Жас қойшы қолға алыпты.
Жатса да түсі жалтылдап,
Нұрына күннің шағылып,
Ұстарда қолы қалтылдап,
Тұрыпты қойшы аңырып.
Тас дейін десе, тас емес,
Құрылысы, түсі басқаша,
Үгітіліп кетеді,
Майдай жұғып ұстаса.
Қойшы Апақ сонда қуанып,
Бояу деп сол бір «күйені»,
Кетермін деп бірде алып,
Төмпей ғып жыйнап үйеді.

II

Күндіз де, түн де қой бағып,
Жүргенде солай-қойшымыз,
Жалт етіп кетті жаз ауып,
Келіп те қалды суық күз.
Ысқыра соғып сусылдап,
Кетірсе желі берсе,
Тымағын жыртық жұлқылап,
Апақты етіп келеке.
Күн жыйналып айды ұтып,
Арада уақыт өткенмен,
Тапқанын қойшы ұмытып,
Еске алмай тіпті кеткенмен.
Пісірмек боп қою сүт,
Етекке толы тезегі,
Ойда жоқта бір күні,
Баяғы жерге келеді.
Баяғы жерге келеді,
Шүйгіні мол жер еді,
Төмпейін тауып қуанып,
Тастарын да ап көреді.
От жағып соңына қасына,
Қою сүтін пісіріп,
Отырғанда, қалыда
Бір тасын апты түсіріп,

О, керемет аздан соң,
Әлгі тас лаулап жанады.
Тас екен тас та жанған соң,
Қойшымыз аң-таң қалады.
Көбігі тасып бұрқырап,
Көтерілсе сүт буы,
Қызарып шоғы сытырлап,
Күшейе түсті қызуы.
Зат екенін пайдалы,
Апақ сол шақ түсінді,
Бірақ неге ойланды...
Неге және күрсінді?

III

Қыс... Қақап боран үскірік,
Қусырып әлем тынысын.
Үш күн... үш түн... тұр ұлып,
Іздеуде Апақ інісін.
Мына тұрған жер ғой — деп
Болса да көл алыста,
Жіберген еді бәйбіше,
Отыңға — сол күн қамысқа.
Көл... мынау кім?!...
Ой... ойбай...
Ах... бауырым... бауырым...
Апақ солай салды айқай,
Тапқанмен де табуын,
Шоқ қамыстың түбінде
Жатыр...

Өлген...

Үсіген...

Киім дал-дал...

Жыртылған,
Шошырлық кісі түсінен.
Сол бір сурет сол ойды,
Неге еске ап қойшы күрсінді,
Ауылға қайырып көп қойды,
Ішіне түйіп бір сырды.

IV

Кедей-ақ бол от жақпай,
Үйінде қалай тұрарсың,
Жұрт көзінен жасырып,
Пешінді қайда тығарсың.
Апақтікі от жақса-ақ,
Көрші әйелдер қаптады,
«Тез сенеді тезек» деп,
Сылтау да айтып жатқаны.
Ал, шыққан соң жолшыбай,
Қырық сақпа жүгіртіп,
Отыз ауыз сөз айтар,
Отыз түрлі құбылатып,
«Құдай білед» жетеді,
Бір күнге бір кесегі
Он күнге де кетеді,
Көмген шоғы деседі.
— Оны айтасың қос уыс,
Сурап алып ұсағын,
Пісіріпті ет Ақжұныс,
Әлгі шегір Мұсаның.
— Ой, мақтайсың, Кәміле,
Артық па сол қыйдан да,



— Сөз жоқ артық, әрине
 Құй нан мейлі, құй нанба.
 Сол бір тасты тапқалы,
 Өркені өскір сол Апақ,
 Бой жазды ғой жаққалы,
 Қысы — жазы көп жатақ.
 Солай десіп гүрілдеп,
 Сөз ауылды қыдырды,
 Желдей есіп гүілдеп,
 Үйден үйге жүгірді.

V

Омырауы қаптаған,
 Сары ала жез түймеге,
 Пар ат жегін баптаған,
 Үсті жабық күймеге.
 Ушаков * кеп ауылға,
 Сарғылт күздің бірінде,
 Байдың түсті үйіне,
 Қоңыр салқын іңірде.
 Мінезі де бір тұра,
 Тілі майда жайдары,
 Қонағымыз күлдіргі,
 Сөздерді айтын қайдағы.
 От жаққа бір көз тастап,
 Қарап та қойды сұқтанып.
 Неліктен ол тесілді,
 Ол жағын біз ұқпадық.
 Көмірді ойлап көмірді,
 Шылым алып қалтадан,
 Тұтатты да...

Көңілді,
 Байды қағып арқадап.
 — Жаям десең халыққа
 Байлық пенен даққыңды.
 Бір қолқам бар... өтесең,
 Берейін көп қып алтынды.
 — Ол не қолқа?

Қайда тұр?
 — Көмір ше анау оттағы.
 — Көмір?!...
 (Дәуде болса, ойнап тұр).
 Алтын боп па солдағы?
 — Байқап тұрмын, Байеке,
 Сенбей тұрсыз сіз маған.
 Шыным.

Қанша бағасы?
 Сатыңыз тек.

Мен алам.
 — Сатыңыз!...
 Бердім...
 Тегін ал,
 Көтергенше арбаңыз.
 Күйе боп бірақ ұятқа
 Жұрт алдында қалмаңыз.
 — Қалжыңы жоқ...

Сеніңіз.
 Құны қанша тұрады?
 Қоры қандай?

Көп пе?
 Аз ба?
 Қай жерден және шығады?
 «Өтірік пе, жоқ шын ба»
 Дегендей бай сынады.
 Қас әлпетін байынтап,
 Шын сөзді енді ұғады.
 — Кәні, қанша бересіз?
 — Әуелі көрсет жеріңді!
 — Жоқ...

*) Ушаков — Қарағандыны са-
 тып алатын күпец



Алдымен бағанды айт,
 Мен жұтпаймын сөзімді.
 — Болмайды, бай, көрмейше.
 — Әлгі Апақты, ендеше
 Шақыртыңдар, тез жетсін.
 Тапқан жерін көрсетсін.

VI

Алты қанат ақ үйге,
 Ертемсінен кезді Апақ,
 Мырзаларға ніле,
 Сәлемін де берді Апақ.
 Қырық жамау, жүз тесік
 Жалбыр тоны қаудырлап,
 Есіктің тұрды қасында
 Қара көзі жаудырап.
 — Осы ауылда көрінген,
 Күнде әкеліп жағатын,
 Тауып едің қай жерден
 Көмірді анау жанатын?
 Кәні бізді сол жерге,
 Апар бастап сен кәзір.
 Ал, қонайық енді ерге,
 Тұрған шығар ат та әзір.
 — Қайтпексіз ол көмірді?
 — Онда нең бар? Сатамын.
 — Сатамын...
 — Я.
 Сорлатты-ау деп сол кезде,
 Тағы да ауыл жатағын.
 Ойға шомып қозғалмай,
 Сөзін де айтар жаңылып,
 Төбесінен түскен жай.
 Секілді, бір аңырып.
 — Қайдан таптым соны мен,
 Апақ...

Қыстау...
 Тас үңгір...
 Сенсеңіз, бай, түспей тұр
 Тінті есіме сол құрғыр.
 Сенсеңіз...

Өй, оңбаған.
 Көзінше мына ұлықтың,
 Алдап мені өтірік
 Демексін ғой ұмыттым.
 Жоқ...

Болмас оның...
 Одан да,
 Барыңнан жоғың сен иттің...
 Сүйткенше қамшы үйіріліп,
 Зуылдап кеп шарт етті.
 Қалғанша төмен кіліп,
 Көзіңнен от жарқ етті.
 — Қайдан таптың?... Айт
 жылдам!
 Жаның барда кеудеңде!
 — Өлсем де енді айта алман,
 Құндарың жоқ ол жерде.
 — Өлсем де!... Өл, ендеше...
 Тағы ойнатын қамшыңы,
 Басқа, көзге төпелен,
 Текніледі, жаншыды.
 Бет көнектей күмпиіп,
 Көкпеңбек боп көзі істі,
 Ерін кетсе дүрдің,
 Сынып күрек тіс те ұшты.
 Елестеп сонда інісі,
 Елестеп сонда көп жатақ,
 Қарсыласар жоқ күші,
 Құлады талып сорлы Апақ.



VII

Жоғары болса бір елі,
Табанын иттей жалайтын,
Төмен болса бір елі,
Қасқырдай сұсты қарайтын.
Онбасыны — Жақыпты,
Бай үйіне шақыртты.
Келісімен мақтап атасын,
Бұзауын, итін, ботасын,
Нағашы, жиен, бөлесін,
Ағасын, іні, апасын
Аузы тыным таппаған,
Тоқтатып бай Жақыпты.
Өткізбейік дегендей,
Бостан бос құр уақытты.
— Жанатын әлгі, ақсақал,
Көмір қайдан шығады?
«Білсеңіз егер, сол жерге
Бізді апар деп сұрады.
— Білсем ғой...

Бірақ...

— Түсінем...

Сыйың дайын...

Тек тапсаң?!...

— Дәл үстінен түсірем.

— Онда... тарттық... ал...


шапшаң...

Мініп бәрі салт атқа
Жалын желге таратып,
Келе жатып күн бата
Ауыл жаққа оратып.

— Бермесең де дәл үш жүз,
Екеуің аз... Қоса түс!
— Бердім тағы бір елу.
— Әлде болса, аса түс.
— Енді қоспан бір тыйын.
— Әкеле - ақ қой қолыңды.—
Ат үстінде - ақ келісіп
Қол менен қол соғылды.
Ертеңінде-ақ Ушаков,
«Мен таптым» — деп алды атақ.
Қой соңында баяғы
Ескерусіз қалды Апақ.

VIII

Өтті жылдар топталып,
Болды Ушаков даңқты.
Сөз етейік тоқталып!
Енді ашылған алыпты.
Айтпасақ та шетелдік,
Французға сатқанын,
Ағылшынның сұм Герберт
Байлыққа да батқанын.
Батыс жаққа керуен
Кеткенін де тиеліп.
Көп ақшаның көмірден
Түскенін де күреліп.
Шахта әр жерден ашылып,
Жыйса орысты, қазақты
Шетелдіктер басынып,
Көрсетсе оған азапты.
Жер мен елді күйзелтіп,
Қорлағанын патшаның
Бар байлықты жат жұрттық
Тонап алып жатқанын.
Шахта астында қосылған,
Тағдыры мен өмірі
Түсінді олар ашынған
Кім екенін жебірі.



Түсінді олар кімменен
Күреске де шығарын,
Азапта ауыр жүргенмен,
Білді де айтар ұранын.

IX

Жетті міне Октябрь
(Тік көтеріліп даламыз)
Ауыр зілді сілкіп бір,
Россия анамыз.
Ленинге, Сталинге
Беріп халық тағдырын,
Бастап жарқын өмірге,
Қақты майдан дабылын.
Пролетардың бұлшықты
Қолы ұрғанда қаттырақ,
Шірік емен секілді
Неше жылғы тақ құлап.
Патша төжі жалп етті,
Басы да ұшты тебіліп,
Бақыт күні жарқ етті.
Қарагүнек сөгіліп.
Зытын сонда шетелдік,
Тастай қашты алынты,
Өзі билік етерлік,
Көріп күшті халықты.
Содан бері сол алып,
Ұмытпайды Апағын,
Қарағанды атанып,
Жайған алғаш атағын.
Содан бері қай жерде
Көмір барын көрсетіп,
Апақ жұртты әр кезде,
Барады дейді өзі ертіп»

X

Қарт кеншілер ішінде
Көп айтыла бұл аңыз,
Қызықтырақ жаңасын,
Жас шахтерден тыңдармыз:
Коммунизмге өрлеген
Салтанатын алыптың
Еркін төстеп билеген
Ең байлығын халықтың.

Ақмола.

Село жастары көркемөнерінің республикалық байқауында

Суретте: Оңтүстік Қазақстан облысы, Шаин орта мектебінің
VI-класс оқушысы Қлара Нұрғалиева.
Суретті түсірген П. Редько.





Ет пен шөп

Жаңа ертегі

Шөп шауып жатқан пішеншілердің аспапшысы ет алып келді. Әкелді де көпене түбінде жатқан тақтайдың үстіне тастай салды. Өзі су әкеліп, от жағуға кетті.

— Сеп-семіз болып, қасыма құлай кеткен кім өзі? — деді былық ете түскен жас еттен сескеніп қалған көпене.

— Мен кәдімгі семіз қойдың еті боламын, — деді сүбесі үш елі ет.

Жапырақтардың құлағы қандай естігіш. Олар шөптердің ең әлсіз сыбырын да басқалардан бұрын естиді.

«Семіз қойдың» деген сөзді естігенде жапырақтардың құлағы елең ете қалды. «Қойдың еті болса, бұл өзі бізге онша бөтен болмай шықты ғой» десіп олар етке қарады. Жапырақтар қойдың тек тұяғымен, аяғымен, аузымен ғана таныс еді.

— Сен қойдың не тұяғына, не аяғына, не құлағына ұқсамайсың. Өйтіп бізді алдай алмайсың! — деді жапырақтардың бірі.

Өзін қалай таныстыруды білмеген ет айтарға сөз таба алмай ашуланды.

— Бесбармақты, қуырдақты, котлетті, консервіні білмейтін адам жоқ. Өздерің қайда өскен жансындар? — деп сөкті семіз ет жапырақтарды.

Көпене болып үялі тұрған көк шөптің ішінде алуан түрлі асыл шөптер бар еді. Мұнда жапырақтар да, жонышқалар да, жусан, изен де, бидайық, қыяқ, селеу, көде, майқарлар да бар еді. «Өздерің қайда өскен жансындар» деп семіз еттің сөккені асыл шөптердің көңілдеріне келді.

Жел соқса селтең етіп ояна кететін селеу жатқан жерінен басын жұлып алды.

— Ұшқан құс, жүгірген аң, мал баққан адамда бізді білмейтін ешкім жоқ. Кім екенімізді білмесең сонау қой баққан қойшыдан сұра. Болмаса осы шөп шауып жатқан пішеншілердің өздері де айтады біздің кім екенімізді.

Сен өзің кімсің? Әуелі өзің жөніңді айтшы, — деді селеу соншалық маңызданған семіз етке.

— Бұлар жақсы болса, біз сыяқты тарелка, табактарға салынып, сыйлы меймандардың алдына тартылар еді. Тарелка, табактарға түсу былай тұрсын, осылардың бірде-бірі дастарқанның маңайына да жолай алмайды. Ең болмаса сорпаға салуға жарамайтын шөп-шаламмен неменесіне сөйлесіп тұрсын, — деді жанбас өзінің досы семіз сүбелі қабырғаларға.

— Әшәйін, өздерінің иісі жақсы болғанға танысайың, білісейін дегенім ғой, — деп сүбе қабырға бұрығысынан да маңғаздана түсті.

Сонымен ет пен шөп бірін-бірі танымады. Біріне бірі түсінбеді. Семіз ет өзінің шұрайлы шөптен жасалғанын білмеді. Өйткені көк майса асыл шөптер өздерінен жаралған ет пен майды танымады.

Түс ауа пішеншілер тамақтану үшін аспапшыға келді. Аспапшы өзінің асқан етін олардың алдына қойды.

— Ту-у, бұл не, ылғи май ғой. Ет неге алмадыңыз, — деді пішеншілердің бірі аспапшыға.

— Қойды осынша семірткен мен емес. Арық етті іздесең де таба алмайсың, — деп аспапшы мұртынан күле сөйледі.

— Әй баласындар-ау, кісі майдан қашама екен? Одан да жаз шөбі шүйгін, суы мол жерлерге жайып, қыс неше алуан жонышқа шөптерді беріп, қойды осынша семірткен қойшыға рахмет демейсіндер ме? — деп пішеншілердің ең үлкені семіз етке сүйсіне бір қарап қойды.

Өздерінің не нәрседен қалай жасалғанын ұққан май мен ет көпенедегі көк шөптердің кім екенін енді таныды.

Қойшының қойды жақсы баққан еңбегі нәтижесінде өздерінің пішеншілерге жақсы тамақ болуға жарағанын білген сон көк майса атаулының бәрі қуанды. «Ет те, май да бізде екен. Далада қалдырмай бізді жыйнап алындар» — деген тілек білдіріп жатты олар колхоз шөпшілеріне.

Қыстың қамын жеген пішеншілер көк орай шөптердің бұл тілегін орындауға әзір еді. Олар жайқалған шабындықты «Кең алымды» шөп машинамен кеулеп бара жатты.

Мағзұм Тиесов

В. И. ЛЕНИН ШЕТ ТІЛД



лы көсеміміз Владимир Ильич Ленин бірнеше шет тілін білген. Шетел тілдерін үнемі оқып үйреніп, ол тілді білген үстіне біліп, өте жақсы меңгере беру үшін қажымай жұмыс істеу — кемеңгер адам В. И. Лениннің ерекше қасиетінің бірі болған.

В. И. Ленин неміс, француз, ағылшын тілдерін өте жақсы білген. Ол бұл тілдерде жазылған шығармалардың бәрін де жете түсініп оқып, өзі де сол тілдерде тамаша сөйлей алатын В. И. Ленин осы тілдерде жазылған шығармалардың кезкелгенін орысшаға қыйналмай, өте тез аударып беретін. Владимир Ильичтің аударған шығармаларының тілі мен стилі өте түсінікті, әрі карапайым, әрі мағналы болған.

В. И. Ленин поляк, итальян, чех, швед тілдерін де аса зер салып оқып үйренген. Бұл тілдерде жазылған шығармаларды да еркін түсініп, осы тілдерде өзі де топ-тәуір сөйлеген.

В. И. Ленин гимназияда оқып жүрген кездерінің өзінде алты тілді бірдей оқыған. Олардың ішінде латын, грек, славян тілдері сол кездің өзінде-ақ жаппай қолданылудан шығып қалған көне тілдер болатын. Бірақ Владимир Ильич ескі грек, латын, славян мәдениеті мен әдебиеттері тарихымен жете танысып, білу үшін, қолданылудан шығып қалса да, бұл тілдерді аса зер салып оқып бастайды. Ақырында, көп ұзамай-ақ бұларды да меңгеріп алады. Ескі Грецияның Гомер тәрізді жазушысының «Иллиада», «Одиссея» сыяқты тамаша дастандарын, ескі Рим жазушыларының латын тілінде жазған шығармаларын сол тілдердің өзінде оқып, еркін түсінетін дәрежегі жетеді.

В. И. Ленин гимназияда жүрген кезінде өзінің ана тілі — орыс тіліне үлкен мән беріп, өз сөз байлығын, сөздік қорын дамытуды ең бірінші мақсаты деп есептейді. В. И. Ленин неміс, француз тілдерін де осы гимназияда оқып жүрген кезінде-ақ үйреніп алған көрінеді.



Гимназияда оқып жүрген жас кезінде-ақ Владимир Ильич ерекше дарынды болады. Владимир Ильичтің шетел тілдерін жетік білетіндігі мен ерекше қабілеттігі жөнінде онымен бірге оқыған М. Кузнецов деген кісі былай дейді: Владимир Ильич біздің ішіміздегі ең кіші бала болатын. Ол кезде оның жасы тоғызда еді. Бірақ көп ұзамай-ақ оның асқан

қабілеттілігіне көзіміз жетті. Бізге әсресе латын тілі өте қыйын болатын. Мынадай бір жағдай еске түседі: класқа латын тілінің мұғалімі Федоровский кіріп келіп, кітапты ашты да, бірінші партада отырған балаға басын изеді. Бала орнынан тұра салып, сенімді түрде аударып бастады. Әлден уақыттан кейін бір қыйын сөз ұшыраса кетті. Оқушы ойланып қалды. Федоровский ойлануға уақыт беретін бе еді? Ол қасындағы балаға бас изеді. Бала орнынан тұрды... Бірақ онда да үн жоқ. Алайда, біреу дұрыс жауап бергенше, Федоровскийдің алдында отыра қою деген болмайтын. Екі бала түрегелді, Федоровский үшіншіге бас изеді. Үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы бала тұрды. Ешкім де аударып алмады. Класстағы баланың жартысы тұрды. Ақырында кезек Ульяиовқа келді. Сонда барып клас еркін дем ала бастады, ауыр салмақты сілкіп тастағандай болды. Аударды. Енді отыруға болады.

Көп ұзамай-ақ Ульяиов біздің тұрақты «түсінікшіміз», «сөздігіміз» болып алды. Кімге не түсініксіз болса, Ульяиовқа жүгіретін.

В. И. Ленин осыншама көп тілді, оннан аса тілді қалай үйренді? Ең алдымен, Владимир Ильич жас кезінен-ақ аса ұқыпты, табанды, ыждаһатты бала болатын. Ол ерінбей, көп оқыптын. Владимир Ильич қолына алған істі асырып істеу, оған қалай болса солай немқұрайды карап, тез бітіре салу дегенді білмейтін. Егер өзіне тапсырылған жұмыс болса, ол оны кейінге қалдырмай, бірден қолға алып соны тыянақты орындағанша тынбайтын.



ет тілдерін білу үшін В.И.Ленин үнемі сол тілде жазылған шығарманың өзін оқыптын, сөздерін дұрыс айту, сол тілде өзі таза сөйлеу үшін дауыстап оқуға үлкен мән беретін, өзіне түсініксіз сөйлемдер мен сөздерді дереу сөздіктен карап, өзіне ұнаған сөйлемдер мен сөз тіркестерін, накыл сөздер мен мақал-мәтелдерді жаттап алатын.

Владимир Ильичтің кітап сөрелерінде шет тілдердің сөздіктері көрнекті орында тұратын. Ол бір тілді үйрену үшін алдымен сол тілдің сөздіктерін және сол тілде жазылған шығармаларды тауып алатын. Владимир Ильичтің сенімді серігі Н. К. Крупская Ленин «демалу үшін» әлденеше сағат бойы белгілі бір сөздікті оқыптын еді дейді.

ЕРІН ҚАЛАЙ ҮЙРЕНДІ



Ленин шет тілдерін жете меңгеру үшін аударуға аса зор мән берді. Ол бір тілден екінші тілге, мәселен, неміс тілінен орыс тіліне, орыс тілінен неміс тіліне аудару ісімен көп шұғылданатын.

В. И. Ленин гимназияда оқып жүргенде де, университетте де, тіпті айдауда жүрген күндерінің өзінде де шет тілін үйрене беруді тоқтатқан емес.

1896 жылы түрмеде отырғанның өзінде В. И. Ленин апасы Анна Ильиничнаға жазған хатында: «Көзір немісшеден аударып жатырмын, сондықтан Павловскийдің сөздігін жіберуіңізді сұраймын» деп өтінеді.

1898 жылы В. И. Ленин неміс тілін тереңірек біліп, салыстырып оқу үшін Павловскийдің сөздігінен басқа, орыстың ұлы жазушысы И. С. Тургеневтің немісшеге аударылған шығармаларын жіберуді сұрайды. Сол жылы Владимир Ильич ағылшын тілінде жазылған шығармаларды орысшаға аудару жұмысымен де айналысады. Осыған байланысты, ол Анна Ильиничнаға тағы да хат жазып, ағылшын тілінің грамматикасын, әсіресе синтаксисі мен ағылшын тілі идиоматизмі (тұрақты сөз тізбектері) жөнінде жазылған құралдар, географиялық атаулар сөздігін жіберуді өтінеді.

В. И. Ленин өзі аударған шығармаларының дұрыс болып шығуына аса жауапты қарайды, өз аудармасын сол шығарманың басқа тілдегі аудармаларымен салыстырады.

Ленин шет тілдерді үйрену, білу жолында ешбір жалықпайтын, өз қателігін дер кезінде көре біліп, бір тілді үйрену кезіндегі алғашқы сәтсіздіктеріне мойымай, ақыры жеңіп шығатын, сол тілді қайткенде де үйреніп, меңгеріп алатын. Владимир Ильичтің анасы неміс тілінде жақсы сөйлеген. Соның әсері де болу керек, Ленин неміс тілін өте ерте-ақ үйреніп алады, өз кластастарынан анағұрлым озық болады. Ол жас кезінде-ақ неміс тілін жақсы білемін ғой деп есептейтін. Бірақ 1895 жылы Владимир Ильич Берлинде болғанда, — дейді Н. К. Крупская, — ол немістің сөйлеу тілін нашарырақ түсінетін болып шықты. Осы кезде анасына жазған бір хатында француз тіліне қарағанда, немістің ауызекі сөйлеу тілін нашарырақ түсінемін. Бірақ мен бұған мойымаймын, бұл тілді біржолата біліп алуға, әттең, уақытым өте аз болып жүр деп жазады. Ақырында, В. И. Ленин сол жылы-ақ немістің сөйлеу тілін де жете меңгеріп кетеді.

В. И. Ленин өзі білген шет тілін үй ішіндегі басқа ағайындары мен апа-қарындастарына да үнемі үйретіп отыратын болған. Ильич ағылшын тілін менен жақсы білетін, — деп жазады Н. К. Крупская, — ағылшын тілі сөздерінің айтылуы жөнінде менің титтей де хабарым жоқ-ты, мен оларды француз тілінің әуеніне салып айтатынмын. Мен ағылшын сөздерін дұрыс айтуды Владимир Ильичтен үйрендім.



Өзі үйреніп жүрген тілінің айтылуын білу және өзі де сол тілде сөйлеп, сол тілде сөйлегендердің сөзін тыңдау үшін, Владимир Ильич әдейі жыйналыстарға, көпшілік жыйналған жерлерге үнемі барып жүретін. Шетелдерде жүргенде, өзі жатқан үй иелерімен солардың өз тілінде сөйлесетін. Оларға орыс тілін үйретіп, өзі олардан сол тілді үйренетін.

В. И. Ленин оннан аса шет тілін білсе де, сөйлегенде, бір тіл мен екінші тілдің сөздерін араластырмайды. Ол қай тілде сөйлеу керек болса, сол тілдің өзінде ғана сөйлейтін. Оның сөздерді айтуы, таза, мәнерлеп, нақысына келтіріп сөйлеуі өзі сөйлеп тұрған халықтың тілінен ешбір айырмашылығы, кемдігі болмайтын. В. И. Ленин орыс тілінде сөйлегенде шет тілдерінің кейбір сөздерін орынсыз, қажетсіз қолдануға өте қарсы болатын. Әр уақытта ана тілін шұбарлап, бүлдіріп сөйлемей, таза сөйлеу керек, тіл байлығын молайтып, тіл тазалығын сақтау керек деп үйрететін. В. И. Ленин шығармалары тілінің тазалығы мұның айқын дәлелі бола алады. Көсеміміз И. В. Сталин Владимир Ильичтің шығармаларының тілінің тазалығын, ойының айқындығын және әрі қарапайым, әрі кен мағналы екендігін аса жоғары бағалайды. И. В. Сталин жолдас іскерлікті, шебер сөйлеуді үнемі Владимир Ильичтен үйренуді ұсынады.

Балалар, ұлы көсем Владимир Ильич Лениннің өмірі мен ісі — кәзіргі жас ұрпақтарымызға, сендерге, үлгі-өнеге. Владимир Ильичше көп тіл біліп, оны меңгеруді Владимир Ильичтің өмірінен үлгі алып, үйрену — сендердің қасиетті борыштарың.

Ә. Хасенов

Қазақтың Мемлекеттік шет тілдері институты орыс және қазақ тілдері кафедрасының меңгерушісі.



Ақын-азамат

(Н. А. Некрасовтың қайтыс болғанына 75 жыл толуына)

Петербург. «Қызыл шұнақ аяз». Сенная алаңымен бір жас өспірім жүгіріп келеді. Үстінде пальто жоқ, жұқа бешпет, аяғында галошсыз жыртық ботинка. Жаланап мойнын тозығы жеткен текыма түбітпен орап алыпты. Суыққа домбыққан қолында газет; үскіріктен бетін қалқалайды... Ол жүгірген бойы бір мүйісті айнала береді, ресторанта кірді. Шеткі столдағылар жаңа тұрып, шығып барады екен. Бала босаған орынға отыра қалды. Қалтасына қолын салды: он - ақ тыйын... Жаңа алаңда теңіреп жүріп, бір — екі шаруаға кездескен; сауатсыз адамдар екен. Бірінің хатын жазып берді, енді бірінің шағым - арызын жазып, аяғына соның атынан қол қойды. Екеуі баланы мүсіркеп, бес тыйыннан ақы төледі. Міне, бар болғаны — он тыйын. Бұған не келуші еді?.. Бала аш...

Бұл — Петербург университетінің студенті — Николай Алексеевич Некрасов еді.

Некрасовтың жастық шағы ауыр тұрмыспен, жоқшылықпен өтті. Ақынның әкесі — мейірімсіз, қатігез адам болды, баласына көңіл бөлмеді. Тек анасы ғана бойындағы бар үмітін балаларына артып, бар қабілетін соларды тәрбиелеуге жұмсады. «Аяулы анасының», «запты анасының», «қайран анасының» сүйікті бейнесі кейіннен ақынның көптеген терең, әсерлі лирикасын туғызды; талай тамаша ертегілерді, Шекспир мен Дантені, олардың мәңгілік мураларын алғаш рет анасынан естіді; адамгершілікті, адалдықты, шаруаларды аяй білуді анасынан үйренді. Өзін сәби кезінен

бастап үнемі жақсы сезімдерге баулыған анасын Николай Алексеевич ешқашан есінен шығарған емес.

Ақынның жастық шағы Волга бойында өтті. Ұлы орыс өзені өз ұлына терең сыр аңғартты. Өзендегі бурлақтардың жан төзгісіз азапты тұрмысы оның мәңгілік есінде қалды. Бурлақтарға деген аяныш сезім, тілектестік, ниеттестік оған сүйікті Волгасын — «құлдық пен қасірет өзені» — деп ататты.

* * *

Некрасов он жасында (1831 жылы) гимназияға түсті. Оны бітіртпестен әкесі кадет корпусында оқытпақ боп, Петербургке жіберді. Бірақ, Некрасов анасы арман еткен жоғары оқу орнына түскісі келді. Әкесі өзін тыңдамағаны үшін, баласымен бір жола айырылысты. Қаржысыз қалған Некрасов университетке түсе алмай, жай сырттан тыңдаушы боп қана орналасты. «Дәл үш жыл бойында аш жүрмеген бір де бір күнім болған емес» деп жазды ол. Бірақ, құрыштай берік, жігерлі, өр жас мұның біріне де мойыған жоқ. Тек алға ұмтылды, биікке талпынды.

Некрасовтың тұңғыш өлеңдер жыйнағы 1840 жылы басылып шықты. Жыйнақты жұртшылық салқын қабылдады. 1842 жылы ол Белинскиймен танысады. Ұлы сыншы ол үшін тамаша университет болады. «...Белинский менің құтқарушым болды» — деп жазды Некрасов. Бір күні Некрасов оған өзінің «Жолда» деген өлеңін оқиды. Белинский қуанғаннан көзіне жас келіп, Некрасовты құшақтай алады:

— Жә, сіз не білдіңіз? Сіз ақынсыз, нағыз ақынсыз!.

Шынында да Некрасовтың нағыз ақындығы осыдан, 1846 жылдан басталады.

Осыдан бір жыл кейін ол Панаевпен және Белинскиймен бірігіп, бір кезде Пушкин негізін салған «Современник» журналын өз қолына алады. Сүйтіп, Некрасов қоғам өміріне қолма-қол араласады. «Современник» сол кездің таңдаулы адамдарының трибунасына айналады.

Некрасовтың 1856 жылы жарыққа шыққан өлеңдер жыйнағы оны бұрын-соңды болмаған даңққа бөледі.

Алпысыншы жылдардың басында «Современникке» Чернышевский мен Добролюбов келді. Олар Некрасовтың ақындығына дәл Белинскийдей ықпал етіп, дәл Белинскийдей дос, тәрбиеші болды. Некрасов Чернышевскийді ұстазым деп білді. Ал, Чернышевский оны орыс әдебиетінің жарқын үміті мен келешегі деп есептеді. Добролюбовтың мезгілсіз өлімі ақынды қатты қайғыға ұшыратты. Ұлы досының өліміне ол балаша еңіреп жылады. Ізінше, патша үкметі Чернышевскийді тұтқына алды. Бірақ, ақын олардың өздерінен айырылғанмен, журналда тамаша дәстүрін сақтап қалды.

«Современник» жабылғаннан кейін ол Краевскийдің «Отечественные записки» журналын арендаға алды. Мұнда өзімен бірге Салтыков-Щедрин істеді. Бұл журнал да қалың көпшіліктің, әсіресе жастардың сүйікті органына айналды.

Жетпісінші жылдарда Некрасов талай тамаша шығармаларын жазды. Ақын творчествосына оқушылар ықыласы сондай, «Еремушка жыры» сыяқтылар тіпті халық гимніне айналып кетті. Өйткені, Некрасов поэзиясының негізгі тақырыбы — халық өмірі, халық мұны мен күресі еді. Ол елуінші жылдарда жазған «Ақын мен азамат» деген өлеңінде-ақ өзінің поэтикалық программасын, ақын алдында тұрған міндеттерді айқын белгілеген. Ол ақын болу үшін, алдымен азамат болуды талап етеді:

«Ақын болу адамға парыз емес,

Азамат боп айнамай қалғаның шарт»

Некрасов поэзиясының терең қасиеті — оның өз кезінің ілгері ниетті қоғамдық мақсаттарына қызмет етуінде, өз кезіндегі қоғамның маңдай алдыңғы тобының

ойын, арманын, үмітін жырлап, езілген шаруаларды азаттық жолындағы күреске шақыруында жатыр.

Некрасов бойындағы бар асыл қасиетін орыс халқына берді, орыс халқының өмірімен тыныстап, бақыты үшін күресті. «Басты нәрсе біреу ғана, — деді Некрасов, — халықты, отанды сүйу, соған жаныңмен, жүрегіңмен қызмет ету».

Некрасов — еңбек ақыны. Оның негізгі геройы — езілген шаруа. Шаруалар өмірін, күресін Некрасовтай жан-жақты суреттеген, еңбек күйін Некрасовтай терең шерткен ақын ол заманда болған емес.

Некрасов халықтың бақытты келешегіне мықтап сенді. Оның жанымен сүйгені — халық бақыты үшін күресуші адам, арманы — азат Отан! Бұған азамат ақынның Белинскийге, Чернышевскийге, Добролюбовқа, Писаревқа арналған өлеңдері, «Россияда кім жақсы тұрады» эпопеясындағы Гриша Добросклонов пен Савелийдің образдары айғақ.

Ұлы патриоттың ауыр науқас азабын тартып, «тұрар үйі — төсек, көрер әлемі — екі бөлме» боп жатқан

кезде де ойлағаны халық тағдыры еді. Ақынның өлер алдында, алыс Якутскіде айдауда жүрген данышпан ұстазы Чернышевский өз інісіне былай деп жазған: «... Некрасовтың демі таусылмаған болса, оған мынаны айтшы: оның даңқы өлмейді, ол барлық орыс ақындарының ішіндегі ең кемеңгері және қасиеттісі, оған деген Россияның махаббаты — мәңгілік махаббат».

Ұлы ақынның бір кездегі арманы бүгінгі советтік Россияда жүзеге асты. Жанымен сүйген ұлы анасы — Волга да жаңарды. Бір кезде бурлақтар қасірет шеккен ұлы өзенде бұл күнде Волга-Дон каналының құрылысы орнады.

Н. А. Некрасов 1878 жылдың 8 январында қайтыс болды. Ал, оның творчествосы жылдар өткен сайын жаңара, жасара түседі. Ұлы Отанымыздың оған деген махаббатында шек жоқ. Мұның мәңгілік махаббат екенін Чернышевский көрегендікпен айтқан.

Зейнолла Қабдолов

Н. Некрасов.

С а ш а

Поэмадан үзінді

Қысқы кеште әжесінің ертегісін тыңдайтын ол,
Тек таң атса, шана теуіп, өрден ойға зырлайтын ол,
Көк тайғанақ таудан құлап, келе жатса ол екпіндеп:
Айқайлайтын қарт әжесі «Өлесің ғой, қарағым» деп.
Көңілді қыз жарқ-жүрқ етіп, келе жатып зымыратып,
Аударылып шанасынан, құлайтын да қарға батып;
Тарқатылып бұрымдары, киген тоны соқталанып,
Тұратын да күлетін ол, үстіндегі қарын қағып.
Мәз болатын қарт әжесі, естіп оның жас күлкісін.
Ұрсайын деп ойласа да, аяйтынды сүйкімдісін...
Қайғыратын, жылайтын қыз, кессе біреу

ағаштарды, —

Талай рет, соларды аяп, көзіне ол жас та алды.
Бар еді ғой бір кездерде неше түрлі бұйра қайың.
Қабақ түйіп қарт қарағай, тұрушы еді шегіп уайым.
Аржағынан қып-қызыл боп, қараушы еді бүлдіргендер,
Құстар ұшып төбесінде, тұрушы еді жас емендер.
Ағаштардың арасымен жортушы еді қорқақ аңдар,
Кенет бір күн шықты ағашқа колға балта ұстағандар.
Орман тегіс кетті шулап, үнлегендей, күрсінгендей,
Қорқақ қоян кетті зытып, не болғанын еш түсінбей.
Түлкі кетті інге кіріп, құс қанатын қақты сасып,
Кез келгенді індеріне құмырсқалар жүрді тасып.

Әндетіп жұрт басты іске, жас теректер түсті сұлап,
Сатырлады қу қайыңдар, түбірімен емен құлап.
Қарт қарағай балталанды, арқан салды құлатқалы,
Түсті сұлап қайсар ағаш, үстінде жұрт ойнақтады, —
Дәл осылай жеңген дұшпан тепкілдейтін өлген ерді,
Шынында да сол суретте аянышты сыр көп еді,
Жас теректің бұтақтары күрсінугемен құлап жатты
Құлап түскен қарт қайыңдар маржан жасын

бұршақтатты,

Туған жердің соңғы сыйын көріп олар жатты құрып,
Бұл бір қырғын қатал еңбек тоқтады әрең күн
батырып.

Түннің жарық сәулелері жымың қағып шықты аспанға,
Дөңгелек ай тұрды төніп сұлап жатқан ағаштарға,
Өліктей боп кескен ағаш, жатты жерде серейіп құр,
Қайырылып бұтақтары, жатты сынып шатыр-шұтыр,
Үрейлі үкі жалп-жалп етіп, жерге соқты қанаттарын,
Әлдеқайда сұңқ-сұңқ етіп, жалғыз көкек төкті зарын,
Бақырады бар даусымен, ұзақ сорлы жынданғандай,
Ұядағы балаларын, шар-шар етіп, жүр таба алмай...

Аударған *Қ. Аманжолов*

Еңбек еткен Ермолай туралы нақыл

Елден бұрын Ермолай оянады,
Елден кейін алқаптан оралады.
Мақсаты егін салып байымақшы,
Жоқтықтан сорлы мұжық арылмақшы.
Әуре боп тұқым жыйнап көрген еді —
Егуге жері жетпей, шерленеді.

Мұжықтың әлі құрып, күші қайтты,
Кәрілік келіп, күн сайын кірбің тартты.
Тұқымнан мақрұм болып жері сонда
Сорлының басқан екен шаруасы оңға.

Аударған *М. Әлімбаев*

АЙЛАР МӘЖЛІСІ

(Мектеп сахнасына лайықталған)

Қолға ұстап бейбітшілік туын биік,
Үстіне түрлі түсті киім киіп,
Он екі ай той жасады біздің елде,
Табысы бір арнаға жатқан құйып.

ЯНВАРЬ

— Жолдастар, Жаңа жылдың басымын — мен.
Мақтан болмас десем ай асылы мен.
Жасартып туған елді алға тарттым
Адымдап ұлы өмірдің асуымен.
Жыйналып мен арқылы қуанып дос:
Шахтерлер, колхозшылар көтеріп тост,
— Жаңа жыл — жаңа бақыт келген бізге, —
Деседі, —

Жаңа күшпен үлесің қос!

ФЕВРАЛЬ

— Жігітім, мен де сенен кем емесмін.
Жеңіспен талай ауыр кезең кештім.
Советтік ұлы Армия менде туып,
Шынықты туы астында Ильичтің.
Бөленіп халықтың зор құрметіне,
Әлемді таңдандырды ол құдіретіне.
Кеше

Рейхстагқа жеңістің туын тіксе,
Ал, бүгін бейбітшілік күзетінде.

МАРТ

— Құйып ғылым бұлағын санасына,
Шек қойғызбай адамның арасына,
Теңдік күнін әперген март емес пе
Алып, күшті — өмірдің апасына!
Қарсы тұрған сайысып сан ажалға,
Айтыңдаршы, анадан күшті бар ма.
Жер бетіне бақытты ориентушы
Туған жоқ па анадан даналар да?!

АПРЕЛЬ

Мен де туып кемеңгер ұлы Ленин,
Қолға алды болашағын дүниенің.
Келеді ол бастап бізді ұлы өмірге.
Жайнай түсті жеңімпаз менің елім.
— Сөкпендер сөйледі деп неге өктем
Жұрттың өзі ат берген «сұлу көктем»
Болғаннан соң,

Жайнатып далаларды.

Батыр елдің күшімен байлық еккем!

МАЙ

— Басып бір дүниенің айқай-шуын,
Жоғары желбіретін жеңіс туын,
Тұтасып еңбекші елдер, сапқа шығар
Қарсы алып салтанатпен майдың күнін.
Шыққанда шар тараптан айбынды үндер.
Қалтырайды алақтап трумәндер,
Кешегі сұм, сұрқыя Гитлер кірген
Елестеп көздеріне суық көрлер.
Найзағаймын жауға — мен,

Досыма — май.

Жеңісім де, күшім де даңқыма сай.

ИЮНЬ-ИЮЛЬ

Суында төңкеріліп көкшіл аспан,
Волга мен Дон егіздей құшақтасқан
Коммунизм тұңғышы ашылғанда,
Арнан бізге сан ақын жазған дастан.
Көк орайға ақ шатыр жайып тастап,
Вожатыйы алдында жүрген бастап,
Көңілді пионерлер лагерінен
Горн үні тамылжып шығады асқақ.
«Соғыс» деген елемей өсегінді.

Гүлге бөлеп өзгертсек кеше құмды,
Көк теңіздей егін — жай толқын атып,
Жаңа алқапта жайқалып өсе білді.

АВГУСТ

— Қорытып жаздағы елдің табыстарын,
Құрметті жұрттың алып алғыстарын,
Ең байлығын даламның елге берген
Мақтан етер әркім-ақ август айын.
Күннен-күнге ғажайып гүлденсе күн,
Ұлы еңбекте халықпен бірге өсемін.
Кремльден қарайды күлім қағып
Еңбек Ерін құттықтап күн көсемім.

СЕНТЯБРЬ

— Көркейтпін ойдың терең атырабын,
Ғылымның көктетемін жапырағын.
Алқызыл таққан күндей галстукты
Оқуға жас буынды шақырамын.
Заманның жарқыраған болашағы
Қадірлі кең ұйымнан тарасады.
Ғылыммен қаруланған жеткіншегім
Қызықты күндеріне жол ашады.

ОКТАБРЬ

— Жалынды рух берген миллион мыйға,
Тағдыры ел — коммунистік партияда.
Жосларын сызып жарқын болашақтың,
Бастауда жеңіске ол — өр, қыяға.
Мызғымас,

Миллиондардың тірегінде —

Өмірдің сәулетшісі — Кремльде
Коммунизм съезі ашылғаны
Қалды ұялап адал жан жүрегінде.
Бұдан да жайнау үшін заманымыз,
Шыңдалып ұлы еңбекке біз барамыз.
Тірегіміз, ақылшы,

Досымыз да —

Съездің әр сөзінен үлгі аламыз.

НОЯБРЬ

— Жауыздықты талқандап жоя білген,
Орнатқан жаңа дәуір ноябрь — мен.
Теуіп тағын ұшырып капиталдың
Пролетарлық таптаған аяғыммен.
Октябрьмен екеуміз қол ұстасып,
Россияға орнаттық алтын уақыт.
Табиғатты өзгертпін міне бүгін
Жатыр жасап халқымыз жаңа бақыт.

ДЕКАБРЬ

Қолмен жазған заманның алтын заңын;
Қамқоршымыз, ең жақын туысқаным,
Мен де туды емес пе бақытымның
Бастаушысы, данышпан ұлы Сталин!
Ұлы адамның бастауы арқасында
Келеміз қуаныштың ортасында.
Сталин адамзаттың қамын ойлап,
Әлемнің қарап отыр картасына.

* * *

Бойдағы тасқындаған табысымыз,
Жасалған батыр қолмен әр ісіміз —
Мақтаныш —

Бәрі совет халқынікі.

Жасаймыз адамзаттың бағы үшін біз.
Отанның жылдар түгіл, әр сағаты,
Миңутында

Жасалып жаңа саты,

Өрлейміз Коммунизм шыңына біз
Жасай бермек ұлы өмір салтанаты!

Мықбай Рашев



Физика үйірмесі

Физика кабинеті — 22-қазақ орта мектебі оқушыларының ең бір сүйікті орыны. Түрлі аспаптар толы шкафтар қойылған осы кішкене бөлме физикалық үйірменің штабына ұқсайды. Бұл үйірмеде фотография секциясы, радио секциясы, мотосекция, теміржол секциясы, авиамодель секциясы, жас шеберлер секциясы бар. Жүз шақты оқушы осы секцияларда өздері қалаған өнерге үйренеді.

Жас теміржолшылар оқу жылы басталғалы теміржол депосы цехтарына барып, паровоз бен вагондардың жөнделуін көрді, олардың құрлыстарының жалпы жобасымен танысты. Секция сабағында олар автоблокировка (поездардың бірі бірі басып озуы кезінде жүрісіін автоматтық түрде ретке келтіру) деген не екенін білді, транспортта сигнализацияның қалай жұмыс істейтінін үйренді. Тораптағы Техника үйінде олар көптеген қызықты лекциялар тыңдады, Түрксибтің Алматы бөліміндегі стахановшылармен әңгімелесті.


Сабақ мана бітіп, кластар бос қалса да, физика кабинетінде балалардың көңілді дабыры әлі тынған жоқ. Фотомен әуестенушілер секциясының мүшелері Амантай Ахатов, Темірбек Көпенов, Мырзақұл Мекібаевтар кең столға жайғасыпты. Бұл балалар былтырдан бері фотографиямен шұғылданып келеді. Олар «Москвич» пен «Фотокорр» аппараттары құрлысын жақсы үйренген, кәзір міне мектепке жуырда сатып әкелінген «Зоркий» аппаратымен танысып отыр.

Жас фотоаграфтардың тұңғыш сәтті қадамы «Оқушының уақытты дұрыс пайдалануы» деген монтаж құраудан басталды. Бұлар фотоаппаратты қолға алғаш алғанда істің байыбына бармай әжуалаушылар да болған.

— Оқындар-оқындар, бірақ оларыңнан не пайда, сендер жасаған суретті көре алатын жұрт та жоқ.

Міне, енді әлгі фото-монтаж мектептегі көрнекті орынға ілініп қойылды. Мұнда ертенгі зарядка жасау, сабаққа әзірлену, серуендеу, үй-ішіне қолқабыс көрсету, оқушының класта және мектептегі істері — бәрі де көрсетілген. Монтажда таңдана қараушылар залда көбейе бастады. Осыдан кейін фотомен әуестенушілерге заказ қаптап кетті. Қабырға газетінің редколлегиясы келесі номерге мектеп өмірінен суреттер түсіріп беруді өтіңді, жас натуралистер өздері жыйнаған экспонаттарынан альбом құрастыруды тіледі. Үйірме мүшелері суретке түсіру жұмысымен қатар әрқайсысы өз лабораториясы үшін керекті жабдықтар: үлкейткіш, пленка кептіретін жабдық, кассета үшін тіреулер жасап алды.

Быйылғы оқу жылының басынан бері фотомен әуестенушілер қатары өсе түсті. Секцияға жыйырма оқушы қатысады. Балалар мектеп өмірінен, дружина пионерлері істерінен көп сурет түсірді — қызықты фото-монтаж жасады.



Файзырақманов, М. Мұхамеджанов,
Т. Баратов.

Қаз. ас. 878. 800/100
1970

Жетінші класс оқушылары А. Сатыбалдиев пен М. Мұхамеджановтар бос уақытын мото-секцияда өткізеді. Олардың бұл секцияда отыз жолдасы бар. Балалар кәзірдің өзінде мотоциклдың бөлшектерін жақсы үйреніп алған, машинаны күту жолын біледі. Таяуда практикалық жаттығулар басталды. Секцияда машинаны ең жақсы жүргізген Мергенғазы Мұхамеджанов болды.

— Жарайсың, — деді секцияның жетекшісі мұғалім Владимир Григорьевич Евстифеев. — Сенен жақсы мотоциклист шығады. Сәтті кадам Мергенғазыны жігерлендіре түсті, ол осы күні мотоциклды жақсы үйренуге ынталануда.

— I-майға дейін қайтсем де мотоцикл жүргізуге право алып шығамын, — дейді ол.

Күнделікті өмірімізде тығыз араласатын әр жақты және қызықты ғылым — физика 22-мектептің оқушыларының сүйікті пәніне айналды. Өйткені олар физикалық заңдарды жете білмейінше, жақсы токарь да, конструктор да, паровоз машинисі де, ұшқыш та болу мүмкін

емес екендігін, Отанға керекті жақсы маман болып шығу мүмкін еместігін жақсы біледі.

О. Майорова.
I-Алматы станциясы.



Оқушылар (солдан—оңға қарай) К. Орымбаев, М. Мекібаев, А. Ахатов, Т. Көпенов гальвонометр кернеуін тексеріп отыр.

Біздің әзіл



1. Мектептен қайтқан жолында Бөгеліп қалды ойынға.

МЕЗГІЛІ БАР ӘР ІСТІҢ



3. Уақыт өтіп кетіпті — Ұйықтар мезгіл жетіпті.



← 2. Сабақты былай қойды да. Кірісті үйде дойбыға.



4. Білмесең уақыт қадырын. Өкінішті әр күнің.

Сөзі мен суреті **Ю. Мингазитиновтікі**



Көңілді каникул

Жазық дала, тау, орман,
Ақша қарға оранған.

Барады бір топ балалар,
Жетегінде шана бар.

Биік таудың басына
Шықты да олар асыға.

Төмен қарай заулады,
Сондарында тау қалды.

Бір тобы сайлап конькиды,
Мұз бетінде қалқыйды.

Сайрандап сай-саланы,
Шанғы теуіп барады.

Театр, кино, кітапты,
Бөбектер достай ұнатты...

Айтшы, Роза, Әлімқұл!
Қандай қызық каникул!

Тоқаш Бердияров



ӨЖЕТ ҚЫЗ

Мектеп кітапханасынан шыққан екі қыз бала өзен жағасында жайылып жүрген тұсаулы торы дөненге қарап әңгімелесіп келеді.

— Сен мына Джек Лондонның «Ақ Азуын» оқыдың ба? — деп Дәміш қолындағы кітабын көрсетті Алмаға.

— Оқыдым, қасқыр боп кеткен ит туралы айтады. Өте қызық.

— Мен осы қасқырдан керемет қорқамын. Сіздің ауыл отырған жер мектептен тым қашық қой, барып, қайтқанда қорқпайсың ба? — деп, Дәміш Алмаға таңғалғандай қарады.

— Мен, — деді Алма, — қасқырдан өмірі қорықпаймын, жаздыгүні қой күзеткенімізде қас-



қырлар қайта бізден қорқып, қойдың маңына да жуымай қоятын. Ағамның соғып әкелген талай қасқырын көргенім де бар. Бірақ мен қасқырды көргім келмейді, өте жек көрем.

Алманың әңгімесі аяқталған кезде екеуі атқа да жеткен еді. Қыймылы пысық, ықшам денелі Алма ілезде атқа мініп Дәмішпен қошғасты да, жайлаудағы үйіне қайтты.

* * *

Айшырақтың орталығынан «Өркендеу» колхозының қой фермасы он километрдей болатын. Екі арада Анирек қырқасы бар. Қырканың күн батыс жағы қалың шұбар да, күншығыс жағы жазық дала. Алма сабаққа барып қайтқанда осы шұбарды басып өтеді.

Бүгін де Алма күндегі жүретін жолымен желе жортып келе жатыр. Оның үйіне тезірек жетіп, сабағын оқудан басқа ойында түк жоқ.

Өстіп келе жатқанда бір биік қарағанның түбінен тұра жөнелген қасқырдан аты жалт бергенде, Алма үстінен түсіп қала жаздады. Қашып бара жатқан бөріге сәл қарап тұрды да, Алма оны қуа жөнелді...

Астындағы дөнен қырға қашқан бөрінің адымын жаздырмайақ жетті. Аты еркін жеткен Алма қорқу дегенді білмей, қалайда қасқырды соғып алудың амалына кірісті. Бірақ ұрайын десе, қолында түк жоқ. Сондықтан да ол қасқырды ауылға айдап бармақшы болып, жазық далаға қарай қайырды. Біраз шапқан соң атының ері мойнына кетіп, өзі пысынап терлей бастады. Әрі қарай қуа беруге мүмкіндік болмаған соң аттан түсе қалып жалма-жан пальтосын тастады, ертоқымын кейін ерттеп, бір үзенгісін қолына алды да, қайта ұмтылды.

Торы дөнен көп ұзатпай қасқырды тағы да қуып жетті. Алма бұл уақытта қасқырды бір рет ұрып та жіберді. Омақаса құлап барып, аунап тұрған бөрі енді бой жазып қаша алмай, жүгірісінен жаңыла бастады. Мұны пайдаланған Алма тағы да бірнеше рет ұрып ұлгерді. Қалжыраған қасқыр әрі-берден соң әлі бітіп жата кетті. Қасқырға бой үйреніп алған өжет қыз аттан секіріп түсіп, түмсыққа соқты.

Эрең дем алып жатқан қасқырды Алма артына бөктеріп алып үйіне тартты.

Біраз жүрген соң астындағы дөнені оқыс ытып түсті. Сөйтсе жаны шығып болмаған бөрі бұлқыған екен. Алма аттан түсіп, шылбырын қасқырдың мойнына дұзақтап тақымға сап сүйреге жөнелді. Қасқырды сүйретіп келе жатып, бағанағы Дәміш пен екеуінің әңгімесі есіне түсті. Ертең Дәмішке мақтанатын мұным оңды болды-ау деп ішінен қуанып келеді.

*

Қасқыр соққан бұл өжет қыз Жаңарқа ауданы (Қараранды облысы), мал отарының орталығы Айшырақ жеті жылдық мектебінің 6-класс оқушысы Алма Құлжанова еді.

Асан Жұмаділдин
Жаңарқа.

ЖАС КОНЬКИШІЛЕР.

... ССР Одағының коньки жөнінен спорт мастери Елизавета Макеенко — жас динамошылардың үйретушісі. Қаладағы «Динамо» ерікті спорт қоғамына мүше 4—5 және 6-кластарда оқыйтын 56 пионер спортшыны сол басқарады. Бұлар мектепаралық қысқы жарысқа әзірленіп жүр.

6-класта оқыйтын Дәурен Серкебаевты өзінің 25 - мектебінде бүкіл конькиші пионерлер біледі. Ол өткен жылы дружина бойынша өткізілген конькишілер жарысында бірінші орын алған болатынды.

Оның жүрісі шебер, әдемі, енді жылдамдыққа жетуі керек. Осы дәрежеге жету үшін ол жаттығулар жасап, коньки тебеді...

«Спартак» стадионындағы мұз айдынының екінші бір шетінде 28-ер балалар мектебінің спортшылары жүр. Бұлар да конькимен сырғанауды үйренуге келген. Валя Макеенко коньки тепкенде еркін тыныс алады, қысылмайды. Ол қазір сәрсенбі, жұма, жексембі күндері екі сағаттан жаттығу жасайды.

56-жетіжылдық мектептің 23 оқушысы сейсенбі, жұма және жексембі күндері жаттығады. Бұлар да мұз үстінде өз мектебінің спорт намысы үшін күресетін болады. Бұл топтан 7-класс оқушылары Дияр Хұсаинов, Алмас Толыбеков тамаша табыстарға жетті. Бұлар — мектептің тандаулы конькишілері. Екеуі де — «Искра» ерікті спорт қоғамының жас мүшелері. Дияр мен Алмас бірге жаттығып жүріп, достасып кетті. Олардың табыстары осы достықтың нәтижесі. Әрқайсысының табысы бүкіл коллективке ортақ.

56-мектептің конькишілерінің мұз жолындағы ұстазы — Нина Степановна Симбирцева. Нина Степановна өзінің жас шәкірттеріне конькилердің қалай сырғанауып, жүгіру әдісін, айналыста сақ болуды және пақ осы кезде жылдамдықты бәсеңдетпеуді үйретеді. Балаларды, әресе, қобалжытатын да осы кезең. Өйткені, бұл кезеңде аяқты өте жиі шалыс алып, бұрылып отыруға тура келеді, ал орталықтан сыртқа тебетін күш конькишіні бұрылыс кезінде жолдың сыртына шығарып жіберуге тырысады. Осы айналыс жөнінде жас спортшылар өздерінің жетекшісіне көп сұрақтар қояды. Нина Степановна оларға жалықпай түсіндіреді. Әдістерді өзі көрсетіп береді.

— Ал, енді сөзден іске көшейік, — дейді күлімсіреп Нина Степановна. — Спорттағы ең негізгі нәрсе — жаттығу.



Д. Хұсаинов пен А. Толыбеков конькидің қайрауын тексеріп тұр.

— Стартқа! — деген команда бойынша балалар қатарға тұрып кезекті команданы күтеді. Нина Степановнаның «Марш!» — деген командасы бойынша балалар бірінен-бірі озып алға ұмтылды. 100 метр жерді бірінші болып Дияр Хұсаинов жүгіріп өтті, Алмас Толыбеков екінші болып келді. Қашықтық бірте-бірте ұлғая түседі...

Қызу жаттығулардан кейін балалар еркін жаттығуларды орындап, үйлеріне көңілді сергек қайтады...

Қала мектептерінің барлығында дерлік конькишілер командалары даярлануда. Кім жеңеді, әрине, жарысқа тыянақты дайындалғандар жеңеді.

Қысқа жарыс жас конькишілердің күшін, спорттық өнерін сынайды.

Мұндай жарысты республиканың барлық мектептерінде өткізуге болады.

Балалар, мұз айдынындағы жарысқа шығындар!

П. редько

Болат пен мысық

Мысығымен Болат,
Көп уақыт ойнады,
Ойынға Болат та,
Мысық та тоймады.
Бір кезде Болат
Мысығын жұмалап,
Шыбықпен сабады,
Соңынан қуалап,



Мысығы сол қолын
Тырнап кеп қалды,
«Мысығым тиді» деп
Көзіне жас алды.
Ұзаққа бармады:
Қайтадан достасты.
Ойынға кірісті,
Кептірмей көз жасты.

Мәдіхат Төрежанов
Ақмола облысы.

Карта

Оқытушы ағам менің
Столына жайып карта,
Белгісі етіп әлдененің
Сызып отыр қайта-қайта

— Аға, сыздың мұнша неге? —
Деп сұрап ем оның жайын:
— Жатыр туып нұрлы өмірде
Сан құрылыс сағат сайын.

Орнатуда біздің халық
Алып қала, жасыл тоғай...
Картада жоқ көп жаңалық
Соны сыздым, — деді ағай.

Әбжан Құрышжанов

Музыкалық сөздік

Музыка — искусствоның бір түрі. Мәселен, уақыттың, образды, өмір шындығын әдебиет сөзбен, сурет түрлі бояумен бейнелейтін болса, музыка түрлі музыкалық дыбыстар арқылы бейнелейді. Музыканы нота арқылы қағаз бетіне жазып алуға болады. Онда 7 негізгі дыбыс (ноталар) бар. Олардың аттары: до, ре, ми, фа, соль, ля, си. Сөйлемнің құрылуы сыяқты бұл музыкалық 7 дыбыс ноталарының қосылуынан музыкалық сөз, сөйлем, сатылар құрылады. Бірнеше музыкалық сөз, музыкалық сөйлем, сатылар белгілі бір мелодия құрайды. Ал, музыкалық сөйлем, мелодия жыйнақталған музыкалық ой құрайды. Музыка өзінің характеріне қарай түрлі тональдікте, формада жазылады, түрге бөлінеді. Музыканың қай түрі болмасын, белгілі бір программада жазылады. Демек, музыканың идеялық мазмұны болады.

Біз музыканың сол әрбір түріне қысқаша түсінік береміз.

СИМФОНИЯЛЫҚ МУЗЫКА. Симфониялық оркестрмен орындау үшін жазылған музыкалық кесек шығарманы симфониялық музыка дейді. (Симфония — үндесу, бірлесу деген мағынада). Симфониялық оркестрде он бестен астам түрлі музыкалық аспаптар бар. Бұл музыкалық аспаптардың дыбыс сазы әртүрлі. Сондықтан, композитор симфониялық шығармада бұл аспаптардың дауыстарын, оның дыбыс сазын кеңінен пайдаланады. Симфониялық музыкаға — симфония, симфониялық поэма, сюита, кантата, фантазия, увертюралар (кіріспе музыка) сыяқты шығармалар жатады. Симфониялық музыкада түсікдіріп тұратын сөздер болмаса да, белгілі бір сюжетке, тарихи уақытқа арналып жазылады. Сондықтан, мұндай шығармаларды программалық музыка дейді. Орыстың ұлы классик — композиторлары М. Глинканың «Камаринская», Римский-Корсаковтың «Шехерезада», П. Чайковскийдің V—VI симфониялары, А. Бородиннің II симфониясы осындай.

ОПЕРАЛЫҚ МУЗЫКА. Театрда орындалуға арналған үлкен музыкалы — драмалық шығарманы опера дейді. Операға речитативтер (әндетіп айтылатын сөздер), ариялар,

ансамбльдер және хорлар сыяқты вокальдық музыкалар кіреді. Вокальдық музыканы сүйемелдейтін, операдағы геройларды, образдарды музыка арқылы бейнелейтін үлкен симфониялық оркестр болады. Мәселен, М. Глинканың «Иван Сусанин», «Руслан және Людмила», П. Чайковскийдің «Евгений Онегин», М. Мусоргскийдің «Борис Годунов», А. Бородиннің «Князь Игорь», Н. Римский-Корсаковтың «Май түні» мен «Садкосы» опералық шығармалар.

КАМЕРАЛЫҚ МУЗЫКА. Кішкене вокальдық немесе бірнеше музыкалық аспаптар ансамбльдері мен жеке аспаптарға яки дауысқа арналып жазылған музыкалық шығармаларды камералық музыка дейді. Камералық музыкаға аспапты немесе дауыстарға арналған дуэттер, триолар, квартеттер, квинтеттер жатады.

ИНСТРУМЕНТАЛЬДЫҚ МУЗЫКА Жеке музыка аспаптары — фортепиано, скрипка, виолончель, кларнет, домбыра, қобыз, гармонь, мандолинаға арналып жазылған музыкалық шығарманы инструментальдық музыка дейді. Мәселен, П. Чайковскийдің фортепианоға арналған «Жыл мезгілдері» атты пьесалары мен халық композиторлары Құрманғазының домбыраға арналған «Балбырауын», «Сарыарқа», «Адай», Динаның Сталин туралы және «16-жыл» атты күйлерін атап айтуға болады.

ВОКАЛЬДЫҚ МУЗЫКА (Вокале — дауыс). Музыка аспабының сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуісіз жеке әншіге, хорға арналып жазылған музыкалық шығармаларды вокальдық музыка дейді. Вокальдық музыкаға орыс классиктері мен совет композиторларының ән-хорлары, романстары, халық әндері, жырлары, термелері жатады. Мысалы, композиторлар: Александров, Дунаевский, Блантердың «Отан», Сталин туралы әндері, Новиковтың «Демократияшыл жастардың гимні», Мураделидің «Студенттер әні», «Москва — Пекин», Брусиловскийдің «Бейбітшілік» туралы әндері вокальдық музыкаға жатады.

Б. Ғизатов

„МЕНІҢ ДОСТАРЫМ“

Жас жазушы Н. Ғабдуллиннің «Менің достарым» атты алғашқы кітабына оның балаларға арнап жазған бірнеше әңгімелері енген. Бұл әңгімелерде мектеп жасына жетпеген балалардың және мектеп оқушыларының бақытты балалық өмірі суреттеледі. Жыйнақтағы әңгімелер тақырыбы жағынан әртүрлі. Мысалға «Кездесуден кейін» атты әңгімені алайық:

... Мұқаш деген бала сабақтан қайтқан соң, ауыл маңындағы орманды аралап жүреді. Орманда ол таныс емес бір кісіге жолығады. Бұл сол маңдағы курортта тынығып қайтып бара жатқан адам болып шығады. Оның ұлты непец, аты Ваом екен. Біраз сөйлескеннен кейін, Ваом Мұқаштан станцияға баратын жолды сұрады да, Мұқаштың көрсеткен бағытымен кетіп қалады. Станцияға жетпей жол екі айрылатыны және бұл жөнінде Ваомға айтпағаны Мұқаштың есіне түседі. Мұқаш не істерін білмей сасалы, өзінің дұрыс жасамағанына қатты қынжылады. Ол ақыры Ваомды қуып жетіп, оны шығарып салады. Мұқаш Ваомның Лек деген баласына «Тимур және оның командасы» деген кітаптың қазақша аудармасын сыйлыққа беріп жібереді. Көп кешікпей ол Лектен хат алады. Лек хатында әкесінің жақсы тынығып қайтқандығы және өзінің қалай оқып жүргендігі туралы жазады. Сөйтіп Лекпен Мұқаш бірін-бірі көрмей ақ достасып кетеді.

Совет балалары мектепте тек білім алып қана қоймайды, кішкентайынан-ақ өнерге талпынады, үйренеді. Н. Ғабдуллин «Уәде» атты әңгімесінде сабақты өте жақсы оқыйтын, мектеп өміріне белсене араласатын, әрі суретшілік өнері бар Бақыт деген бала туралы жазады. Бақыт тек өнерші ғана емес. Ол әдепті, әрі уәдесіне берік. Бұл қасиеттері — оның мектебінен алған тәрбиесінің жемісі.

Жазғы демалыс кезінде оқушылар өлке тану жорығына шығады. Бұл жорық олардың туған өлкенің әсем табиғатымен танысуына, жақсы тынығуына, әрі мектепте алған білімдерін тырнақты өте түсуіне көмектеседі. Жас жазушының «Жұмбақ тас» атты әңгімесі осы тақырыпқа арналған. Бұл әңгімеде жорыққа шыққан ба-

лалардың өздеріне таныс емес тас тауып алғандығы айтылады. Кейін бұл тастың «асбест» екендігі анықталады. Сөйтіп балалар «асбестің» көп қоры бар жерді ашады.

Жас жазушы балаларды Ұлы Отан соғысының кейбір көріністерімен де таныстырады. Бұл ретте жыйнаққа енген «Барлаушы профессор» деген әңгімені айтуға болады.

Бұл әңгімеде барлаушы Мәжит Аманғалиевтің майдандағы ерлік қыймылдары және оның үйінде қалған Алмас деген кішкентай баласын сағынғаны нанымды суреттеледі.

Ал «Әбілдің қателігі» атты әңгімеде Әбіл деген сотқар баланың жолдастарының көмегі арқасында тәртіпті, үлгілі оқушы болғандығы айтылады.

Жас жазушы совет балаларының бақытты, көңілді өмірін жан-жағынан алып, толық суреттеуге тырысады. Сонымен бірге ол аштық, қайыршылық билеген капиталистік едердегі балалардың қайғылы халін көрсетуге де көңіл бөлген.

«... Ыстықтан қорынып, көйлегін шешіп, басына оран алған Биббой қатты сусады. Шаң топырақ басып, қап-қара болған кескінінен жылтыраған тісі ғана көрінеді. Жалаңаш жауырынын күн қақтап, күйдіріп барады. Бұл жолғы үлкен жүк машинасын көптен қалмай, уақытында жөнелтер халі жоқ. Өзегі талып, бойынан әл кете бастады. Ол бір күрек күмді машина кузовына зорға көтеріп салды. «Неге толмайды бұл?» («Биббой») Міне, жалған демократиялы Америкада-

ғы негр балаларының көрген күні осындай. Қожасы Ли Уольтер Биббойды талай рет өлімші етіп сабайды. Ақыры оны жұмыстан шығарып жібереді. Биббойдың ауру анасы аштан өледі, қарындасы Айсатаны Ли Уольтер тартып алып кетеді.

Қорлық көрген, азап шеккен жас Биббой қолдарына қызыл тулар ұстаған жұмысшыларға қосылады, күреске ұмтылады.

Жыйнақтағы басқа әңгімелер де қызықты, тартымды.

Жыйнақты звенода оқып, бірлесіп талқылауларыңа болады.

А. Нұрқатов



Метеорит

Метеорит деп планеталар арасындағы кеңістіктер кей уақытта жер үстіне құлап түсетін тастарды немесе темір тектес массаны айтады. Жыл сайын жер үстіне кемінде мың метеорит түседі. Алайда солардың төрт-бесеуі ғана табылады. Метеориттің орта салмағы 20 килограмдай. Метеориттің айрықша белгісі — оны балқып барып қатқан қабық қоршап тұрады және сыртында өзгеше бір шұңқырлары болады. Метеориттердің заттық құрамы жердегі белгілі химиялық элементтерден құралады. Бұл — әлемдегі заттардың бір тектілігін сыпаттайды.


1908 жылы Подкаменная Тунгуска өзенінің аймағына керемет үлкен метеорит түсті. Оның атмосферада ұшып келе жатқанда салмағы бір миллион тоннадай болды. Космика сәулесінің жылдамдығымен жеткен орасан зор метеорит жерге түскенде жарылған. Оның жарылу серпінінің толқыны 20—30 километр жердегі ағаштарды құлатқан. 1947 жылдың 12 февралінде Приморск өлкесінде тағы бір ірі метеорит түсті. Оның салмағы 100 тонна болды.



Пушкин шығармалары

Дүние жүзінде А. Пушкиннің шығармаларындай музыкаға көп түскен бірде-бір ақынның шығармасы жоқ.

Ұлы ақынның шығармалары музыкада да тамаша шығармалар тудыруға себепші болды. Пушкиннің сюжеттері мен текстеріне Глинканың «Руслан мен Людмила», Чайковскийдің «Евгений Онегин», «Мазеп», «Қарғаның мәткесі», Мусоргскийдің «Борис Годунов», Даргомыжскийдің «Русалка», «Тас мейман», Римский-Корсаковтың «Салтан патша туралы ертегі», «Моцарт пен Сальери» және «Алтын әтеп» опералары жазылды. Пушкин текстіне жазылған Глинка мен Даргомыжскийдің, Бородин



мен Балакиревтің, Рубинштейн мен орыстың басқа композиторларының сазды романстары халықтың сүйіп айтатын шығармалары болып табылады.

Пушкин еңбектері совет композиторларының музыкалық шығармаларынан да көрнекті орын алады. Композиторлар Б. Асафьев «Бақша сарайы фонтаны», «Кавказ тұтқыны», «Шаруа қызы», Р. Глиэр «Мыс салт атты» балетін жазды. «Граф Нулин» тақырыбы М. Ковальдын комикалық операсына негіз болды. «Белкин повестерінің» сюжетіне В. Крюковтың «Бекетші», И. Держинскийдің «Боран» опералары жазылады.

Ребус



Бұл ребусты шешкенде, күс жөніндегі нақыл сөз шығады.

Жіберген

М. Қуатбеков,

Қоңырат ауданы.

Т. Исмаилов. Жаңа жыл жыры	
В. Катаев. Подольскідегі үй	1
С. Баязитов. Елка (әңгіме)	4
А. Розанов. Үлгіміз біздің партия	5
Қ. Мұқышев. Апақ туралы аңыз	8
М. Тнесов. Ет пен шөп	11
Ә. Хасенов. В. И. Ленин шет тілдерін қалай үйренді	12
З. Қабдолов. Ақын—азамат	14
Н. Некрасов. Саша поэмасынан үзінді	15
Н. Некрасов. Ецбек еткен Ермолай туралы аңыз	15
М. Рашев. Айлар мәжлісі (өлең)	16
О. Майорова. Физика үйірмесі	17
Ю. Мингазитинов. Мезгілі бар әр істің	18
Т. Бердияров. Көңілді каникул	19
А. Жұмаділдин. Өжет қыз	20
П. Редько. Жас конькишілер	21
М. Төрежанов. Болат пен мысық (өлең)	22
Ә. Құрышжанов. Қарта (өлең)	22
Б. Физатов. Музыкалық сөздік	2
А. Нұрқатов. „Менің достарым“	23
Одан—бұдан	24
М. Қуатбеков. Ребус	24
„Пионер“ календары	

Редколлегия мүшелері:

Айдарбеков Ә., Баранов Қ., Дарханбаев Т., Ибраева А., Қыйрабаев С. (редактор), Нұртазин М., Нұрқатов А., Нүсіпов А.

Техред. И. Соскинд

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журналы «Пионер».

Подписано к печати 9.1.53 г. УГ09756 Бум. 84×108^{1/16} — 0,75 бум., 2,46 п. л. Тираж 13000. Полиграфкомбинат Казполиграфиздата при Совете Министров КазССР.

г. Алма-Ата. Заказ. № 2288.

„Пионер“ календары

Александр Серафимович

(Туғанына 90 жыл)

«Коммунистік партия Серафимович жолдасты пролетариаттың революционер-жазушысы ретінде, классиктік шығарма «Темір тасқынды» жасаушы ретінде жоғары бағалайды».

БК(б)П Орталық Комитеті 1933 жылы А. С. Серафимовичтің туғанына жетпіс жыл толуына байланысты өзінің құттықтауында осылай деп жазды.

Болашақ жазушы Петербург университетінде алдыңғы қатарлы студенттер үйірмесіне қатысады, саяси экономиканы, Маркстің «Капиталын» оқып үйренеді. Александр III-патшаға қастандық жасағаны үшін Александр Ульянов тұтқынға алынғанда, патшаға қарсы күреске шақырып прокламация жазады. Мұнысы үшін патша үкметі оны жер аударды.

А. Серафимович айдауда жүріп тұңғыш әңгімелерін жаза бастайды. Капитализмнің озбырлық заңдарына, езушілерге қарсы еңбекшілердің наразылығы күшейіп келе жатқанын суреттейді, қалың бұқараны революциялық күреске шақырады.

1905 жылғы революция кезінде А. Серафимович орыс жұмысшыларының бостандық пен бақыт жолындағы ерлік күресін сүйсіне жырлайды. «Бірінші революция туралы сенің ұмытылмас әңгімелерің көтерілісшілерді күресті соң беруге жігерлендірді» деп жазған Серафимовичке жұмысшылар.

Ұлы Октябрь революциясынан кейін Серафимович большевиктер партиясы қатарына кірді. Азамат соғысы жылдарында «Правда» газетінде әскери тілші болып істеп көптеген әңгіме, очерктер жазады.

Серафимовичтің 1924 жылы жарыққа шыққан «Темір тасқын» эпопеясы совет әдебиетінің алтын қорынан көрнекті орын алады. Бұл — совет әдебиетіндегі социалистік реализм әдісімен жазылған тұңғыш шығарманың бірі. Шығарманың негізгі кейіпкері — халық. Жазушы мұнда Октябрь революциясының дүбірімен оянған халықты, оның ерлік ісі-болашағы жолындағы күресін көр-



сетеді. Жазушы бұдан басқа да совет халқының өміріне арналған сан алуан әңгіме — очерктер жазды. Серафимович 1949 жылы 19 январьда қайтыс болды.

Совет үкметі Серафимовичтің еңбегін жоғары бағалап, оны Ленин орденімен, «Құрмет белгісі», Еңбек Қызыл Ту ордендерімен наградтады. Әдебиет искусство саласындағы көп жылғы аса көрнекті табыстары үшін жазушы 1942 жылы Сталиндік сыйлыққа ие болды.

С. Байжанов

Шандор Петефи

(Туғанына 130 жыл)

Бір күні көшеде Шандорға бір ересек бала соқтықты. Шандор қорғанды. Түйскенді шалқасынан түсірді. Сүйтсе ол қаладағы бірірі байдың баласы екен. Әкесі ертеңінде мектепке келіп, директордың кабинетінде Шандорды тексере бастады.

Сонда Шандор:

— Мырза! Кімнің кімге соқтыққаны бірден белгілі. Егер де сіз, кім жас, әлсіз болса, оның қорғануға қақысы жоқ десеңіз, онда мен кивәлімін. Өз жауынан аңдар да қорғанбай ма. Бірақ, мен адаммын ғой, — деді.

Бұл сөзді естіген мектеп директоры еркін тістеп теріс қарап еді, бай ұялғанынан шыдай алмай баласын жетелей шығып кетті.

Шандор Петефи Венгрияның Киш-Кереш қаласында 1823 жылы туды. Ол кезде Венгрия Австрияның отары болатын. Австрия мен Венгер феодалдары ха-

лықты жыртықшылықпен қанаумен болды. Халық қайыршылыққа ұшырады.

Үй-ішінің қолы тарлығынан оқуын ерте тастап кеткен Шандор көшпелі театрдың актері де болды, солдат та болды. Аш-жалаңаш күйде бүкіл елді кезді. Қайда барса да, азапты еңбекті, қайыршылық тұрмысты көрді.

1844 жылы Шандордың өлеңдері бүкіл Венгрияға белгілі болған еді.

Шандор Венгер халқының азаттыққа ұмтылуын, туған еліне сүйіспеншілігін жырлады. Содан бері оның өлеңдерін венгер халқы өз жүрегінің сырындай сүйіп оқыйтын болды.

Өз Отанының патриоты болған Шандор ол жағдайлардың куәсі ғана болып қойған жоқ, сол қанаушылықтан халқын құтқару үшін күресуші де болды.



1848 жылғы революция кезінде Шандор халқын өзінің жалынды өлеңдерімен күреске шақырды. Революция жаулары Венгрияны қысқақып алып, қыйын күндер туғанда, ақын қаламын қылышқа ауыстырып, өз еркімен майданға кетті. Соңғы ұрыста 1849 жылы 31 июль күні венгер халқының даңқты ұлы, ақын Шандор Петефи қаза тапты.

Шандор аңсаған шаттық күндерді Венгрия халқына Совет Армиясы әперді.

Қазір Шандор Петефи жырлары еңбекші елдердің бәріне тааныс, сүйікті.

Д. Шалғбеков



Н. Некрасов

Волга туралы

Тар бұғаудан азат бол,
Қажырлы халық ержетер.
Өзеннің тақыр жағасын
Қоныс етер қалың ел.
Ғылыммен сулар терендер:
Айдынындай айнадай
Жүзеді алып кемелер,
Игі еңбек мәңгі гүлденер.

